

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

Энгельсова Айман

Сағидуллақызы Гүлжан

Бектілеу Жайнагүл

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

«Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары»

5B050800 – Есеп және аудит

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
«Бизнес және менеджмент»  
Кафедра меңгерушісі  
PhD докторы, профессор  
С.Н. Досова  
« 08 » 01 2019 ж.

Дипломдық жобаға

**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары»

5B050800 – Есеп және аудит

Орындаған: Энгельсова Айман  
Сағидуллақызы Гүлжан  
Бектілеу Жайнагүл

Пікір беруші  
экон.ғыл.кандидаты, асоц. проф  
Ж.З. Оралбаева  
« 25 » 04 2019 ж.



Ғылыми жетекші  
экон.ғыл.канд., асс. профессор  
Г.Т. Андыбаева  
« 25 » 04 2019 ж.

Алматы 2019

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Э.А.Түркебаев атындағы жобаларды басқару институты

«Бизнес және менеджмент» кафедрасы

5B050800 – Есеп және аудит

**БЕКІТЕМІН**

«Бизнес және менеджмент»

Кафедра меңгерушісі

PhD докторы, профессор

С.Н. Досова

«09» 01 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға арналған  
ТАПСЫРМА**

Білім алушылар: Энгельсова Айман, Сағидуллақызы Гүлжан, Бектілеу Жайнагүл

Тақырыбы: «Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары»

Университет ректорының «25» 09. 2018 ж. №1064-б бұйрығымен бекітілген Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «25» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

1) Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері;

2) «АқколСтройСервис» ЖШС – нің қаржылық жағдайын талдау;

3) Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

10 кесте, 14 сызба, -жұмыс презентациясының слайды.

Ұсынылған негізгі әдебиет барлығы 24 атау

**Дипломдық жоба дайындау  
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге көрсету мерзімі	Ескерту
1)Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері	27.03.2019	
2)«АқколСтройСервис» ЖШС-нің қаржылық жағдайын талдау	10.04.2019	
3)Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары	25.04.2019	

Аяқталған дипломдық жоба бөлімдеріне норма бақылаушының қойған  
қолтаңбасы

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер (тегі, аты, әкесінің аты)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Норма бақылаушы	А.С.Джайтуганова	26.04.19	

Ғылыми жетекшісі:  Гүлсағат Андыбаева Тоқышовна

Тапсырманы орындайтын білім алушылар: Энгельсова Айман, Сағидуллақызы  
Гүлжан, Бектілеу Жайнагүл

Күні «25» 04 2019 ж.

5B050800 – Есеп және аудит мамандығының студенттері Энгельсова Айман, Сағидуллақызы Гүлжан, Бектілеу Жайнагүл

«Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

### **ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ ПІКІРІ**

Қазіргі таңда ұйымның тұрақтылығын анықтау үшін қаржылық талдау жүргізудің маңызы өте зор. Бұл комерциялық ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциалық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Осыған байланысты уақытында жасалған қаржылық жағдай кәсіпорынға тиімді қызмет етуге мүмкіндік береді. Сондықтан қарастырылып отырған дипломдық жоба тақырыбы өзекті.

Дипломдық жоба алдына қойылған мақсат, міндеттерін толығымен ашқан, өз бетінше логикалық аяқталған жұмыс деп айтуға тұрады.

Жобада «Ақкөлстройсервис» ЖШС-тің қаржылық-шаруашылық қызметінің есебі мен аудитін және оның талдауын терең талдаған.


Жұмыста кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызмет есебінің теориялық негіздері, бухгалтерлік есебі, тиімділігі қарастырылған.

Қарастырылып отырған дипломдық жобаның мазмұны мен рәсімделуі бойынша ескертулер жоқ.

Тақырыптың өзектілігін, жұмыс мазмұны мен рәсімделуін, дипломанттың жұмысқа деген қарым-қатынасын ескере отырып, «Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары» тақырыбына жазылған дипломдық жұмысты Мемлекеттік аттестациялық комиссия алдында қорғауға жіберуге болады және «өте жақсы» (95%) деп бағалауға болады.

### **Пікір беруші**

экон. ғыл. канд., асс. профессор

 Г.Т. Андыбаева  
«25» 04 2019 ж.

«5B050800 – Есеп және аудит» мамандығының студенттері:  
Энгельсова Айман, Бектілеу Жайнагүл, Сағидуллақызы Гүлжанның

«Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту  
жолдары»

тақырыбына жазылған дипломдық жобасына

## СЫН-ШКІР

Өзірленген:

а) графикалық бөлімі - 10 парақ

б) түсіндірме жазбасы - 19 парақ

Қазіргі таңда ұйымның тұрақтылығын анықтау үшін қаржылық талдау жүргізудің маңызы өте зор. Бұл коммерциялық ұйымдардың тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Ұйымның қаржылық жағдайы оның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оны өз шаруашылық қызметін үздіксіз жүргізуі мен өзінің қарыз міндеттемелерін уақтылы өтеуі үшін қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі нарықтық жағдайдағы коммерциялық ұйымдардың қаржылық жағдайын талдау оның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың маңызды факторларының бірі болып табылатындығымен негізделеді.

Жобаның теориялық және әдістемелік негіздерін соңғы жылдары жарық көрген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құраған.

Зерттеліп отырылған мәселе бойынша теориялық тұжырымдамалар мен тәжірибелік ұсыныстар жобаның мазмұнына толық сәйкес келеді. Зерттеу жұмысының тарауларының арасындағы логикалық байланыс сақталған.

### ЖҰМЫСҚА ЕСКЕРТУ ЖАСАУ

Дипломдық жобада коммерциялық ұйымдардың қаржылық жағдайын талдауды кем дегенде 3 жыл бойынша жүргізген дұрыс болар еді. Жалпы алғанда, көрсетілген ескерту жобаның жалпы оңтайлы бағасына әсер етпейді.

### Жұмыс бағасы

Пікір беруге ұсынылған «Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары» тақырыбындағы дипломдық жоба көрсетілген ескертуге қарамастан, аяқталған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады.

Дипломдық жобаның теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде ашылғандығын және мазмұны, құрылымы, көлемі жағынан барлық талаптарға жауап беретіндігін ескере отырып жұмысты «өте жақсы» (95 балл) деген бағаға бағалауға, ал оның авторларына «Есеп және аудит» мамандығы бойынша «Экономика және бизнес» академиялық дәрежесін беруге болады.

Пікір беруші: Оралбаева Жанар Закарияқызы, э.ғ.к., «Есеп және аудит»  
кафедрасының доцент м.а.



«25» 04

2019ж.



Университет:	Satbayev University
Название:	Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары
Автор:	Энгельсова Айман Сағидуллақызы Гүлжан Бектілеу Жайнағұл
Координатор:	Гүлнар Абдрахманова
Дата отчета:	2019-05-06 11:34:59
Коэффициент подобия № 1:	<b>14,4%</b>
Коэффициент подобия № 2:	<b>9,1%</b>
Длина фразы для коэффициента подобия № 2:	25
Количество слов:	9 334
Число знаков:	75 435
Адреса пропущенные при проверке:	
Количество завершённых проверок:	59

**!** К вашему сведению, некоторые слова в этом документе содержат буквы из других алфавитов. Возможно - это попытка скрыть позаимствованный текст. Документ был проверен путем замещения этих букв латинским эквивалентом. Пожалуйста, уделите особое внимание этим частям отчета. Они выделены соответственно. Количество выделенных слов 3

>> Самые длинные фрагменты, определенные, как подобные

№	Название, имя автора или адрес гиперссылки (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов
1	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	14%
2	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	11%
3	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	7%
4	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	7%
5	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	5%
6	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	5%
7	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	4%
8	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	4%
9	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	3%
10	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i>	na	3%

>> Документы, в которых найдено подобные фрагменты: из RefBooks

обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из домашней базы данных

обнаружено каких-либо заимствований

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из внешних баз данных

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2

№	Название (Название базы данных)	Автор	Количество одинаковых слов (количество фрагментов)
1	Документ из базы НЭУ 51d69842-63ac-4577-aada-072bc0a80d1d.docx <b><i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i></b>	na	1012 (31)
2	Документ из базы НЭУ 55f2514e-fd28-4231-a86f-3b2fc0a80d1d.doc <b><i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i></b>	na	133 (14)
3	Документ из базы НЭУ 55f24d3f-80b8-4276-b777-3b5bc0a80d1d.docx <b><i>NARXOZ (NEU) (Information Technology Center)</i></b>	na	26 (3)
4	ПОНЯТИЕ ФИНАНСОВ ХОЗЯЙСТВУЮЩИХ СУБЪЕКТОВ И ИХ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН <b><i>Kazakh University of Economics, Finance and International Trade (KUEFIT) (ФАКУЛЬТЕТ ПОСЛЕУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ)</i></b>	zakirya_asse zakirya_asse	19 (1)

>> Документы, содержащие подобные фрагменты: Из интернета

Документы, выделенные жирным шрифтом, содержат фрагменты потенциального плагиата, то есть превышающие лимит в длине коэффициента подобия № 2



Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Энгельсова Айман Сагидуллақызы Гүлжан Бектілеу Жайнагүл

**Название:** Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдау және оны нығайту жолдары

**Координатор:** Гульнар Абдрахманова

**Коэффициент подобия 1:**14,4

**Коэффициент подобия 2:**9,1

**Тревога:**3

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....  
.....  
.....  
.....  
.....

..... 08.07.2019

..... 

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

К защите допускается

08.01.2019

Дата

Дин

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

## АНДАТПА

Жобаның зерттелу объектісі. Дипломдық жобаның зерттеу объектісі болып «Ақкөлстройсервис» серіктестігі табылады.

Жобаның кіріспесінде тақырыптың өзектілігі, міндет-мақсаттары, пәні, зерттелу деңгейінің тәжірибелік, әдістемелік бағыттары зерделенген.

Жобаның бірінші бөлімінде мәселенің теориялық бөлігі, яғни қаржылық жайды талдаудың маңызы мен мазмұны, ақпарат көздері, қолданылатын әдістері, әдіснамасы көрсетілген.

Екінші бөлімде «Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің активтері мен пассивтері құрамына, құрылымына, өтімділігіне, табыстылығына, іскерлік белсенділігіне, банкроттық ықтималына талдау жасалып, ұсыныстар берілген.

Үшінші бөлімде «Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің қаржылық жағдайын нығайту жолдары банкроттық ықтималды болжау әдістері арқылы, сонымен бірге қаржылай сауықтыру шаралары, сауықтырудың оңтайлы әдіс-тәсілдемелері қарастырылды.

## АННОТАЦИЯ

Объект исследования проекта. Объектом исследования дипломного проекта является товарищество "Аккольстройсервис".

В введении проекта изучена актуальность темы, задачи - цели, предмет, практические, методические направления уровня изученности.

В первой части проекта представлена теоретическая часть проблемы, то есть важность и содержание анализа финансового состояния, источники информации, используемые методы, методология.

Во втором разделе проанализированы и даны рекомендации по составу, структуре, ликвидности, прибыльности, деловой активности, возможному банкротству активов и пассивов ТОО "Аккольстройсервис".

В третьем разделе были рассмотрены пути укрепления финансового положения ТОО "Аккольстройсервис" посредством методов прогнозирования вероятности банкротства, а также меры финансового оздоровления, оптимальные методы оздоровления.

## ANNOTATION

The object of study of the project. The object of the research of the diploma project is the partnership LLP "Akkol Stroyservice".

In the introduction of the project studied the relevance of the topic, objectives, subject, practical, methodological directions of the level of study.

The first part of the project presents the theoretical part of the problem, that is, the importance and content of the analysis of financial condition, sources of information, methods used, methodology.

The second section analyzes and recommendations on the content, structure, liquidity, profitability, business activity, potential bankruptcy of the assets and liabilities of LLP "Akkol Stroyservice".

In the third section were considered ways to strengthen the financial position of LLP "Akkol Stroyservice" through methods of predicting the probability of bankruptcy, as well as measures of financial recovery, the best methods of recovery.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық - әдістемелік негіздері	12
1.1 Ұйымның қаржылық жағдайы талдаудың объектісі ретінде	12
1.2 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың ақпарат көздері, қолданылатын әдістері	14
1.3 Ұйымның қаржылық жағдайын талдау әдістемесі	18
2 «Ақкөлстройсервис» ЖШС-тің қаржылық жағдайын талдау	22
2.1 Активтер пен пассивтер құрамы мен құрылымының динамикасын талдау	22
2.2 Ұйымның өтімділігін және төлемқабілеттілігін талдау	29
2.3 Ұйымның іскерлік белсенділігін және банкрот болу ықтималдығын талдау	34
3 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары	39
3.1 Қаржылық жағдайды басқаруда қаржылық левиридж механизмін қолдану	39
3.2 Ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары	43
Қорытынды	47
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	48
Қосымшалар	49

## КІРІСПЕ

*Өзектілігі.* Үкіметіміз бүкіләлемдік экономикалық қауымдастыққа тең құқылы серіктес ретінде кірікті. Осыған орай бүкіл қолданушыларға, әсіресе шетелік қаржы салымшыларға ұғынықты бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептемені қалыптастырудың қағидаттарын ары қарай жетілдіруге көпетеген талаптар қойыла бастады. Алыс-жақын шет қаржы салымшылары отандық фирмаларға едәуір көп қаржылай салым сомасын салғаннан соң оларға ұғынықты есептеме табыстау керек. Сол себепті есептеме шетелдік салымшылар мен отандық мамандар өзара түсінетіндей жалпылама қабылданған тілде жасалғаны абзал. Қаржылық есептеменің халықаралық стандарты кәсіптік іскерлік бизнестік қарым қатынас жасауға қолайлы тіл болып табылады [1].

Қоғамдық өмірде қаржылай жағдайды талдау кейбіреулердің тілегінен емес, компанияның өмір сүру қажеттілігіне байланысты пайда болды. Шаруашылықтың мүлкінің жағдайы, оған әсер етуші факторларды білмей тұрып, табыстар, шығындарды салыстырмай, өткен кезеңдерден артық – кемшін жағын білмей, оларды арттырудың жолын қарастырмай қол жеткізу ұйымның шаруа жағдайын ойлағандай жүргізуге келмейді. Шаруашылықтың қаржылай тұрақты екенін бағалай білу, объективтілікті ғылыми негізделген және де пайдалы шешімдер қабылдауға оның қаржылық жәй-жағдайын талдау керек. Сол себепті тереңдетілген талдау барысында ғана шаруашылық субъектісінің жұмыс істеу қызметін дұрыс бағалау қажеті бар. Оның қаржылық орнықтылығын қатайту болмаса жақсарту, іскерлік белсенділігін жоғарлатуға нақтыланған басқару шешімдерін қабылдау үшін басшыларға қажетті ұсыныстарды көрсетуге болады. Қазіргі жағдайда бизнестің сәттілігіне қол жеткізу кәсіппен айналысушыларға, қаржылық басқарушыларға қаржыны басқарудың жолдарын, сонымен бірге басты қағидаттарының түпкілікті негізін білмей жатып, жүргізу мүмкін емес. Осы жоғарыда айтылғандар саудасаттықпен айналысатын ұйымның қаржылық жәй-жағдайын талдау мәселесінің маңызды екенін көрсетеді. Ал ол болса тақырыптың өзекті екенін алдын ала дәлелдейді.

Заманауи қазіргі уақытта ұйымның өмір сүруінің кепілі және де орнықтылығы жағдайы оның қаржылай орнықтылығында. Оның мағынасы ақшалай құралдарды емін-еркін ауыстыра қолдану, оларды тиімді пайдаланумен өнімді, қызметті, тауарды өндіру мен өткізудің тоқтамайтын үдерісін қамтамасыздандыратын жекелей қаржылық құралдары, ресурстары жағдаятын көрсетеді.

Еліміздің ғалым-экономистері талдау мәселесін аз зерттегені белгілі, сол себепті оның кейбір жаңашыл әдістері мүмкіндігінше пайдаланылмай жатыр. Ол жағдаят компания жұмысы мен қызметінің нәтижелерінің ары қарай дамуына, соның салдарынан отандық экономиканың өсуіне қарсы әсер етеді.

*Дипломдық жобаның мақсаты* коммерциялық сауда-саттық ұйымының қаржылық жәй-жағдайына талдау жүргізіп, соның нәтижесінде нығайту, орнықтыру жолдарын қарастыру.

Жоғарыда айтылған мақсатқа орай келесі *міндеттерді* шешу көзделіп отыр:

- ұйымның қаржылық жағдайын талдау әдістері мен жолдарын отандық және ТМД елдері экономикалық әдебиеттері негізінде түсіндіру;
- компания айналым құралдары мен негізгі капиталы құрамы мен құрылымына талдау жасап, ұсыныстар әзірлеу;
- төлемге қабілеттілік пен өтімділік көрсеткіштерін нақты мәліметтер негізінде есептеп, оларды жақсарту жолдарын қарастыру;
- іскерлік белсенділік, рентабельділік және банкрот болу ықтималдығын зерделеп, белгілі бір шараларды ұсыну;
- жасалған талдау нәтижелері бойынша ұйымның қаржылық жағдаятын нығайту жолдарын ұсыну.

*Зерттеу объектісі* ретінде «АқкөлСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі танылды.

*Зерттеудің ғылыми жаңалығы* нақты ұйым деректері негізінде оның қаржылық жағдайына талдау жасап, нығайту жолдарын көрсету.

Зерттеу барысында экономикалық талдаудың, статистиканың әдістері мен тәсілдері қолданылды.

Зерттеу барысында келесідей *нәтижелер* алынды:

- ұйымның қаржылық жәй-жағдайының ақпараттық негізі ретінде қаржылық есептеме құрамы мен мазмұны зерделеніп, қаралды;
- талдау әдістемесі нақтыланды;
- қаржылық жағдаятты талдау әдістемесі нақты компания деректері негізінде түсіндірілді;
- қаржылық жәй-жағдайды нығайту жолдары ұсынылды.

Дипломдық жобаның *теориялық бөлімінде* қаржылық жәй-жағдайды талдау әдістемесі көрсетілген. Бұл бөлімде қаржылық жағдай түсінігі, оны талдаудың мақсат, міндеттері, әдістері, ақпараттық негізі ашып, қарастырылады.

Жобаның *тәжірибелік бөлігі* «АқкөлСтройСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне деректері негізінде талдау жасалынып, оның қаржылық жағдайын орнықтыру бойынша ұсыныстарға бағытталған.

Дипломдық жоба кіріспе, үш бөлімнен, қортындыдан және де қолданылған әдебиет көздерінен тұрады.

Зерттеу жұмысын жазуда отандық заң актілер, экономикалық-қаржылық талдау туралы алыс-жақын шетел оқулықтары мен оқу құралдары, баспадан шыққан материалдар, мақалалар, «АқкөлСтройСервис» құрылыс компаниясы қаржылық есептемесі пайдаланылды.

Жобаның бірінші бөлімі теориялық тұрғыдан жұмыс жасаған және жауапты «Есеп және аудит» мамандығы 4 курс студенті Энгельсова Айман.

Екінші бөлімге жауапты болған сол мамандықтың 4 курс студенті Бектілеу Жайнагүл мен Энгельсова Айман.

Үшінші бөлімде қаржылық жағдайды нығайту жолдары бойынша жұмыстар жасаған Сағидуллақызы Гүлжан.

# **1 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың теориялық және әдістемелік негіздері**

## **1.1 Ұйымның қаржылық жағдайы талдаудың объектісі ретінде**

Шаруашылықтардың жұмысы нәтижелерінің бағыттарын ары қарай жылжыту, қаржы мәселесінің маңызын жоғарлату-бәріне тән құбылыс.

Қаржы мәселесін білімді басқару зерделеудің санмен есептелінетін әдістермен, белгілі емес жағдаяттарды нақты бағалауға жағдай жасайтын, терең талдауды қажет етеді. Осыған орай қаржылық жағдаятты талдаудың рөлі мен артықшылығы едәуір артып келеді. Жекелеп айтар болса компанияның қаржылық хал-ахуалін тұтас жүйелі түрде зерттеу мен қаржылай тәуекелділік мөлшерін қалыптастыру факторларын, сол сияқты капиталдың тиімділік табыстылық деңгейін болжамдауға мүмкіндік береді.

Компанияның қаржылай хал-ахуалы дербес өздерінің қызмет барысын қаржыландыруы және де қарыздары бойынша дер кезінде есеп айырысуы қабілетін баяндайтын көрсеткіштер топтарымен сипатталады.

Қамтамасыздандыру, өндірістік жұмыстар, тауарларды өткізу және де осыған байланысты айналым үдерісі үздіксіз болады. Қаржылардың құрылымы, олардың қалыптасу құралдары өзгеріп, қаржылық ресурстардың қолда бар болуы, оның қажеттілігі, сол себепті компанияның қаржылық хал-ахуалы де өзгереді.

Қаржылық хал-ахуал, яғни жағдайы орнықты, орнықсыз және де дағдарысты жағдайда болуы мүмкін. Ұйымның дұрыс пайдалы жұмыс істеуі және даму жағдайы, өзгеріп отыратын сыртқы және ішкі ортада активтері мен салынған капиталын, яғни пассивтерін бірқалыпта ұстауы. Сол сияқты керек мөлшерде тәуекелділік шегінде төлемге қабілетін, инвестициялық тартымдылығын ұстап қалу-оның орнықты хал-ахуалын көрсетеді және керісінше болмақ [2].

Егер төлемге қабілеті - фирманың хал-ахуалының сыртқы көрінісі болатын болса, қаржылай орнықтылығы- ақша жылыстауының, кірістер мен шығыстардың, қаражаттар мен оның қалыптасту көздерінің тепе-теңдігін көрсетпек.

Ұйымның қаржылық жағдайы дегеніміз өзінің қызметін қаржыландыра алу қабілеті және ол өзінің өндірістік, коммерциялық және қаржылық нәтижелеріне тәуелді. Егер өндірістік және қаржылай жоспарлар сәтті орындалып жатса, онда ол кәсіпорынның қаржылық жәй-жағдайына жақсырақ әсер болады. Керісінше өнімді өндіру мен өткізк бойынша жоспардың орындалмауынан оның өзіндік құны жоғарлауы, түсім мен пайда сомасының төмендеуі, соның салдарынан қаржылық жағдай нашарлап, төлемге қабілеті нашарлайды.

Орнықты қаржылық жәй-жағдай өз кезегінде өндірістік жоспарлардың орындалуына және өндірістің қажеттіліктерін керекті ресурстармен қамтамасыздандыруға пайдалы болады. Сондықтан қаржылық қызмет

шаруашылық қызметтің жеке бөлігі болып ақшалай ресурстардың жоспарлы түсімдері, шығуларын қамтамасыздандыруға, есептік тәртіптің орындалуына, меншікті, қарыз капиталаның оңтайлы арақатынасына қол жеткізуге бағытталған.

Қаржылық қызметтің басты мақсаты өндірісті тиімді дамыту мен жоғары көлмедегі пайда алу үшін қаржылық ресурстарды қайда, қашан және қалай пайдалану керек екен туралы шешім. Нарық уақытында аман қалу және кәсіпорынның банкроттығын болдырмау үшін қаржыны қалай басқару керек жөнінде білімі болуы тиіс. Құрамы мен қалыптасу көздері бойынша капиталдың қандай құрылымы, меншікті және қарыз қаражаттарының қандай үлесі болуы қажет екенін жақсы білу керек.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі, өтімділігі, төлемге қабілеттілік, несие қабілеттілігі, рентабельділігі шегі, қаржылық тұрақтылық запасы, тәуекелділік деңгейі, қаржылық тұтқа тетігі, басқадай нарықтық экономиканың түсініктерін, оларды талдау әдістемесін білу қажет.

Сондықтан қаржылық жәй-жапсарды талдау қаржылық басқарумен аудиттің елеулі элементі. Қаржылық есептеменің барлық пайдаланушылары өздерінің мүдделерін оңтайландыру бойынша шешімдер қабылдауда қаржылық талдаудың әдістерін қолданады.

Меншік иелері капиталдың табыстылығын жоғарлату үшін фирманың тұрақтылығының орнықтылығын қамтамасыз етуде қаржылық есептемесіне талдау жасайды. Кредиторлар мен инвесторлар өздерінің қарыздары мен тәуекелдерін минималдау үшін қаржылық есептемесін талдайды. Қабылданатын шешімдердің сапасы тұтастай талдамалық негізделген шешімдер сапасына тәуелді екені туралы нақты айтуға болады.

Талдаудың мақсаты ұйымның қаржылық жәй-жағдайын ғана анықтап, бағалау емес, сонымен қатар оны жақсартуға бағытталған жұмыстар. Ұйымның қаржылық жәй-жағдайын талдау осы жұмысты қандай бағыттар бойынша жүргізу керек екенін, қаржылық жағдайдың маңыздырақ аспектілері мен әлсіз тұстарын анықтау керек екенін көрсетеді. Осыған сәйкес талдау нәтижелері ұйымның қызметінің нақты кезеңінде қаржылық жағдайды жақсартудың қандай маңызды әлістері бар деген сұрақтарға жауап береді. Бірақ талдаудың басты мақсаты- қаржылық қызметте жетіспеушіліктерді уақытында анықтап, оларды болдырмау үшін ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту резервтерін анықтау болып табылады.

Қаржылай орнықтылық-сырттай көрінетін қасиетке ие, әр түрлі факторлардың әсерімен болатын, қаржы-шаруашылық қызметінің барлық үдерісінде қалыптасқан кешенді түсінік екені белгілі. Белгісіз уақытта орнықсыз жағдайда қызмет еткен ұйымдар жоспарланған экономикадан сырттай орнықтылыққа үйрене бастады. Сол себепті шаруашылықтар аз уақытта сыртқы және ішкі әсерлер өзгерісіне атсалыса бастады, ол өз кезегінде қазіргі жағдайдағы экономикаға өтке қажет.

Ұйымның қаржылық жағдаяты, оның орнықтылығы өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметке байланысты. Өндірістік, қаржылық

жоспарлар бағытына орай дұрыс орындалып жатқан болса, онда бұл жағдай ұйымның қаржылық жағдаятына оң әсер етеді. Ал керісінше өнім өндіру мен өткізудің сәтсіздігі өзіндік құнның көбеюіне, түсім мен пайда сомасының төмендеуіне, соның салдарынан қаржылық жағдай, төлемге қабілеттілік құлдырайды.

Тұрақты ұйымның қаржылық хал-ахуалы басты қызмет мөлшеріне оң әсер етеді, өндіріс жағдайын қажетті ресурстармен қамтамасыздандырады. Сол себепті қаржылық қызмет шаруашылық жәй-жапсардың бөлігі ретінде ақша ресурстарының жоспармен түсуіне, жұмсалыуына қарай оңтайланады. Сол сияқты есеп тәртібінің уақтылы орындалуына, меншікті, қарыздық капиталдың оңтайлы пропорциясына қол жеткізуге, оны пайдалы қолдануға бағытталуы тиіс.

Осыған орай талдаудың келесі міндеттері төмендегідей:

- ұйымның қаржылық хал-ахуалын өз уақытында және шынайы бағалау, оның жағымсыз жақтарын анықтау, олардың туындау себептерін зерделеу;
- ұйымның қаржылық төлемге қабілеттілігін, сонымен бірге орнықтылық резервтерін іздеу;
- фирманың қаржылай құралдарын пайдалы қолдануға, оның жағдаятын нығайтуға бағытталған шараларды жүргізу;
- түрлі нұсқаларда қаржылай ресурстарды жұмсауда олардың үлгілерін жасап, мүмкіндігінше болатын қаржылай нәтижелерді болжамдау [4].

Жалпы қаржылық хал ахуалды талдауды ұйым ішінде және сыртынан талдауға болады, сол себепті олардың мақсаттары мен мән мағынасы да өзгеше болады.

Ұйымның жағдайын ішкі талдаудың мазмұны қаржылық хал-ахуалды орнықты ету жолдарын іздестіру мақсатында капиталдың орналасуы және жұмсалыуын, қалыптасу жолдарын, меншікті капиталдың пайда әкелуін көбейтуді зерттеуден көрінеді.

Сырттай қаржылық жағдайды талдау мазмұны салым жасау тәуекелділігін болжамдау мақсатында фирманың қаржылық хал-ахуалын, оның пайда әкелуін зерделеуден көрінеді.


Жоғарыда біз ұйымның қаржылық жағдайы мазмұнын, міндеттерін, оның орнықтылығы қасиеттеріне тоқталып, талдау түрлерін ашып көрсеттік.

## **1.2 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайынталдаудың ақпараттық көздері, қолданылатын әдістері**

Кез-келген компанияның қаржылық жәй-жапсарын талдаған кезде мәліметтерді қаржылық есептемеден аламыз.

Қаржылық есептеме дегеніміз акционерлер, сақтандыру компаниялары, мемлекеттік органдар және т.б. контрагенттер танысуы үшін фирманың қаржылық жәй-жапсары мен оның нәтижерерін көрсететін есептеме.

Ақпанның 28-і 2007 жылы қабылданған ҚР «Бухгалтерлік есеп ке алу және қаржылық есептілік» Заңына орай (толықтырулар және өзгертулермен) қаржылық есептеме құрамына мыналар енеді (1-сызба)[1]:



1 – сызба – Қаржылық – шаруашылықтық талдау мәлімет көздері  
Ескерту - әдебиеттер негізінде авторлармен құрастырылған

Оның құрамына бұлардан басқа түсіндірме жазба кіреді. Есептіліктің бұл түрінде компанияның немесе ұйымның бухгалтерлік есеп пен есептемеде қандай саясат ұстанып отырғаны, сонымен қатар пайдаланушылардың талап-тілектеріне сай қосымша ақпараттар болуы тиіс.

Жекелеп алатын болсақ ұйымның қаржылық жағдаятына тікелей әсерін болдыратын тәуекел мен белгісіздік, есептемеде көрсетілген борыщтар туралы түсініктерді айтуға болады. Нарық жағдайындағы географиялық сегменттер, белгілі бір сомадағы ерекшеліктер, қызмет түрлері туралы деректер, бағаның өзгеруі бойынша мәлімдемелер және де басқа қосалқы ақпараттар қарастырылады.

Жалпы кәсіпорындарға қаржылық есептемені ұлттық қаржылық есептемені стандартында көрсетілген жеңілдетілген түрде толтырып, ұсынуға рұхсат етілген. Қаржылық есептеменің мақсаты-бұл пайдаланушыларды заңды тұлғаның қаржылық жағдаяты, оның нәтижелері мен есеп беру кезеңіндегі болған өзгерістері жайлы шынайы, маңызды мәліметтермен қамтамасыздандырады [5].

Қазіргі нарық жағдайында қаржылық есептеме компанияның қызмет нәтижелерін көрсететін деректердің жинақталған бірден-бір мәлімет көзіне, ұйымдастырушылық-құқылық нысандардағы ұйымдардың өзара байланыстылығына, басқару шешімдерін қабылдауға керек талдамалық базаға айналды.

Шаруашылықтың қаржы жағдаятын талдауда, зерттеуде негізгі басты мәлімет көзі бухгалтерлік баланс екені мәлім.

Баланс биылғы жылдың бас жағы және аяғындағы ұйымның қаржылық жәй-жағдайын суреттейді және басқа да маңызды қызметтері бар. Жекелеп

айтар болсақ, ол меншік иелерін ұйымның мүліктік жай-күйімен таныстырады. Осыдан шаруашылықтың мүлкі кімге тиесілі, материалдық ресурстардың сан және сапа жағынан қорлары мөлшері қандай екенін, фирманың үшінші жақтары алдында борыштарын өтей ала ма, соны көрсетеді. Екінші жағынан қарар болсақ, басшылық тарапынан басқа осындай қызметпен айналысатын кәсіпорындардың ішіндегі алатын орны, таңдап алған стратегиясының бағыт-бағдарының дұрыс екендігі жайлы мәлімет береді. Сондай-ақ ресурстарды тиімді пайдаланылғандығы, сонымен қатар ұйымды басқару тұрғысынан түрлі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау түсінігін алады. Ал енді үшіншіден, баланс өзі мазмұны жағынан ішкі пайдаланушылар сияқты сыртқы пайдаланушыларға да қаржылық жәй-күй туралы мағлұмат береді. Мысалға алатын болсақ, аудиторлар жұмыс істеу барысында шынайы дұрыс шешім қабылдауда тексеріс жоспарын жасауда, сол сияқты клиенттің сырттай есептеме жүйесінде болуы мүмкін. Қасақана істелген және қасақана жасалмаған қателіктер аймағындағы әлсіз тұстарын анықтауға көмек алады, ал талдау жасаушы тұлғалар оның бағыт-бағдарын анықтайды.

Баланс деректерін қолдана отырып, сыртқы қолданушылар сол ұйыммен өзінің серіктесі ретінде жұмыс жасаудың мақсатқа сай келетіндігі, оның жағдайы туралы шешімдерді қабылдай алады. Өзінің жеке салымдарының болып қалатын тәуекелдіктерін, оның акцияларына ие болуы дұрыстығын, соған байланысты шешімдерді анықтайды. Баланстың маңыздылығы қаржылық жәй-жағдайды талдауды баланс талдауы десек те болады екен [6], [35].

Баланс есептеменің негізгі басты түрі. Сол себепті биылғы жылдағы кәсіпорын мүлкінің құрамын, құрылымын, қысқа мерзімді ағымдағы активтердің айналым жылдамдығын, өтімділігін, меншікті капиталдың, борыштардың қолда барын белгілеуге көмектеседі. Сол сияқты дебиторлық борыштың уақыт аралығындағы динамикасын, олардың жағдайын, несиеге қабілеттілік пен төлемге қабілеттілікті анықтауға жағдай жасайды.

Баланста көрсетілген көрсеткіштер ұйымның капиталы орналасуы тиімділігін, олардың алдындағы және соңғы жұмыстарға жететіндегі, қарыздардың мөлшері мен құрылымын, сонымен қатар олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сондықтан да баланс ұйымның қаржылық жәй-жағдайын бағалаудағы ақпар беретін басты нысаны болып қала береді.

Ағылшын ғалым-экономистерінің «Бухгалтерлік іске кіріспе» деген оқу құралында айтылғандай: баланс- әрбір кәсіпорынға тиесілі барлық активтері мен оның борыштарын анықтап көрсететін пассивтердің жиынтығы. Бұл яғни белгілі уақыт аралығындағы іскерлік қызмет қаржы жай-күйінің көрінісі екені белгілі. Актив пен пассивтің баптары ақшалай сипатта болады және де активтер жиыны пассивтер жиыны сомасымен бірдей болуы тиіс. Активті компанияға тиісті болмаса пайдалануға жарайтын бағасы бар зат десе болады. Пассивті басқа тұлғаға тиісті зат десек дұрыс болады. Бұл термин шынайы таза бухгалтерлік ұғым, ұйымның қарызы деген мағынаны береді. Капитал – бас кезде салынған капитал және қызметте қалдырған табысты бірге алғанда меншік иесінің бизнестегі үлесі екен мәлім. Капитал пассивтерді активтерден

алып тастағандақалған ұйымның өзіндік қаражаты. Активтер өтімділік мөлшеріне байланысты, пассивтер төлем уақытының мерзіміне орай құрастырылады. Баланстың 5 бөлімі бар: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтер, қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелер және капитал.

Жиынтық кіріс туралы есептеме есептеменің екінші нысаны, онда есептілік кезеңіндегі шаруашылық қызметтің нәтижесі көрсетіледі.

Ақша қозғалысы туарлы есептеме ақшаның құйылуы мен жылыстауының өзгерістерін талдау үшін негізгі мәлімет көзі. Ақшалай қозғалыстарды талдау ұйымның өтімділігі мен төлемге қабілеттілігін анықтауда үлкен маңыз атқарады.

Бұлардан басқа талдауды жүргізу үшін есептемелердің ішінде көрсете алмайтын мәліметтерді көрсететін түсіндірме жазбаны қолдануға болады.

Егер факторлық талдау жасау қажет болса дәстүрлі әдістерді: тізбектелген қойылымдар, абсолюттік, қатысты айырмалар, интегралдық әдістерді қолданады.

Компанияның қаржылық жәй-күйін талдау үшін экономикалық талдаудың дәстүрлі әдістерінен басқа өзінің негізгі алты әдісін бөліп, қарастыруға болады [6] (2 – сызба):

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау-бұл ағымдағы қаржылық нәтижелерді бағалау мақсатында жүргізілген талдау. Және ары қарай оның қызметіне әсер ету әдістемесі кәсіпорынның өтімділік деңгейі мен болашақтағы табыстылығын жоғарлатуға қол жеткізетін ұйымның толық талдауы.

Кәсіпорынның қызметінің қаржылық талдауы, яғни ағымдағы және де өткен шақтағы қызметіне талдау болашақта белігісіздіктен қашу үшін жүргізуге бағытталған.

Талдауды жүргізу уақытында кәсіпорынның қаржылық жәй-жапсарын өзгертуге мүмкін болатын себептерді анықтау белгілі, соның салдарынан проблемалық мезеттерді шешу үшін және ұйымның жағдайын жақсарту жолдарын іздеуге болады. Бұл сатыда ары қарай жұмыс жасау үшін әдістемені таңдау жүзеге асырылады. Бұл жерде қандай әдістемені таңдау маңызды емес, бастысы-оны тәжірибеде қолдану ыңғайлығы, жасалған жұмыстың жағымды нәтижесі және оның тиімділігі.

Тәжірибеде қаржылық жәйді талдауда ұйым қаржы аналитигі қолдануына болатын жалпы әдістер бар. Олар көлденең талдау, тікелей талдау, трендтік талдау, қатысты көрсеткіштер талдауы, салыстырмалы талдау және факторлық талдау және т.б. басшылыққа алады.

Немесе қаржылық талдау үшін келесі бағыттар қолданылуы мүмкін:

1. баланс құрылымын талдау;
2. ұйымның қызметі табыстылығын және өндірістік шығындарды талдау;
3. ұйымның төлемге қабілетін және қаржылай тұрақтылығын талдау;
4. Капитал айналымдылығын талдау;
5. капитал рентабельдігін талдау.
6. еңбек өнімділігін талдау [7].

Көлденең талдау-бұл есептік кезеңнің әрбір позициясын өткен кезеңмен абсолютті және қатысты түрде салыстыру, яғни өткен жылмен салыстырғанда қаншалықты активтер немесе пассивтер баптарының өзгергенін байқауға болады.

Тігінен талдау-бұнда жалпы баланс сомасы ішінде әрбір баптың аалатын үлес салмағы анықталады. Мысалға қысқа мерзімді активтердің ішінде ақша қаражаттарының үлес салмағы.

Трендтік талдау дегеніміз есепті жылдағы мәліметтерді өткен жылдармен, яғни динамикада салыстыру. Мұнда да абсолютті, қатысты өзгеруін анықтауға болады. Тренд көмегімен алдағы көрсеткіштердің болашақта болатын маңызы қалыптастып, перспективті болжамдық талдау жасалады.

Қаржылық коэффициенттер - салыстырмалы шамалар, онда бір көрсеткішті екіншіге бөлу арқылы, қорытынды шығаруға болады. Олар ұйымның дұрыс шешім қабылдауы үшін маңызды роль атқарады

Факторлық талдауда әрбір көрсеткіштің нәтижелік көрсеткішке әсерін талдаудың әдістерімен есептеу.

Салыстырмалық талдау-бұнда фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімше, цехтардың жеке көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық деңгейінде, яғни ішінде талдау

2 – сызба – Қаржылық – шаруашылықтық талдау тәсілдері  
Ескерту - [7], [8] әдебиеттер негізінде авторлармен құрастырылған

### 1.3 Ұйымның қаржылық-шаруашылық жағдайын талдау әдістемесі

Қаржылық менеджер жұмысында қаржылық коэффициенттерге ерекше көңіл бөледі, өйткені олар акционерлер мен кредиторларға кәсіпорынның қызметін бағалау үшін негіз болады. Сондықтан қандай да бір шешім қабылдамас бұрын қаржылық менеджер алдымен маңызды қаржылық коэффициенттерге осы шешімнің қалай әсер ететініне баға береді.

Қаржылық коэффициенттер бірнеше топқа бөлінеді. Коэффициенттер топтары келесі сызбада көрсетілген (3 – сызба):



3 – сызба – Қаржылық коэффициенттер топтары  
Ескерту - [8],[9] әдебиеттер негізінде авторлармен құрастырылған

Кәсіпорынның толық тұтас бағасын алу үшін әр түрлі көлемді көрсеткіштер және қаржылық коэффициенттер қаржылық жағдайдың кешенді көрсеткіштеріне біріктіріледі.

Әдетте кәсіпорынның келесі «ауыратын нүктелерін» бөліп көрсетеді (3 – сызба):


Бұл мәселелерді шешу үшін ұйымға қаржылық көрсеткіштерді жақсартудың келесі бағыттарын ұсынуға болады:

- шығындарды азайту. Бұл бағыт пайданың төмендеуін тоқтатуға жағдай жасау керек. Шығындарды тиімді бақылау жүйесін жасау шығыстарды төмендету бойынша әрекет етуші әдістеме болуы керек.

- компанияның қызметін өндірістік үдерісте инвентарлық қорларды олардың маңыздылығына байланысты концентрациялауды өзгерту жолымен тұрақтылығын жоғарлату. Қорлар мөлшері азайтылуы тиіс. Узақ уақыт бойы тұрып қалған сұранысы жоқ қорларды жеңілдікпен қосымша қаражаттар құйылуы үшін сату керек.

- берешектерді қайтару жолымен ақшалай қаражаттар айналымдылығын жылдамдау. Клиенттерге ынталандыру үшін арнайы жеңілдіктер беру жолымен берешектерін қайтаруға болады. Жалпы клиенттің әсері оның дебиторлық берешегі, тиеуге дайындап қойған қоймадағы тауарлар, осы клиентке арналған өндірістегі өнім.

- Клиенттерге бақылау, олардың статустарының өзгеруі, клиентті базаны құруды сату бойынша менеджерге тапсырған дұрыс. Өйткені олар тауарды өндіруші мен тұтынушы арасындағы байланыс каналы, ал олардың еңбек ақысын өздері жұмыс істейтін клиенттерден түскен ақшамен қалыптастыру керек.



4 – сызба – Ұйымның «ауыратын» нүктелері  
 Ескерту - [8], [9] әдебиеттер негізінде авторлармен құрастырылған

- қарыздық міндеттемелер құрамын және өзгеруін талдау. Берілген міндеттемелерге түбегейлі талдау жасау және болашақта қызмет тиімділігін жоғарлату мақсатында оларды өтеудің мүмкін болатын нұсқаларын іздеу.

- өндіріс және сату көлемін көбейту. Бұл бағыт өнімді сатудан алған ақшалай қаражаттарды көбейтуге жағдай жасайды, яғни абсолютті өтімді активтер көбейеді.

Тиімді мәмілеге екі жаққа да қол жеткізу үшін бірінші кезекте жоғары пайда әкелетін өнімдер топтарын анықтау керек екені талап етіледі. Содан кейін ғана сатылатын өнімнің бағасы мен көлеміне толық талдау жасалынып, мүмкін болатын тәуекелдерді бағалау жасау қажет.

Нарық жағдайында ұйымның сыртқы қарыз көздеріне қаржылық тәуелсіздігі маңызды роль атқарады. Өйткені ол ұйымға тұрақтылықты және төлемге қабілеттілікке үлкен мүмкіндік береді, ол өз кезегінде кәсіпорынға өзінің бәсекеге қабілеттігін сақтауына көмектеседі. Сонымен бірге меншікті қаражаттардың қарыз қаражаттарынан асып түсуі болған жағдайда банкроттық тәуекелінің едәуір шамада азаюы болатынын ұмытпау керек. Сондықтан меншікті капиталды көбейту туралы ойлану ешқашан кеш емес.

Орнықты қаржылық тұрақтылыққа келесі бірқатар кедергілер себеп болуы мүмкін:

- қаржылық есептемені талдау мүмкіндігінің шектілігі (талданатын ақпараттың шынайы еместігі немесе толық еместігі). Жүргізілген талдау нәтижесінде абсолютті дұрыс қорытынды жасау әрқашан дұрыс бола бермейді;
- қаржылық жағдайды талдаудың тәсілдемесінің әртүрлілігі (бір көрсеткіш әр түрлі аталуы және есептелуі мүмкін);
- барлық салалар үшін коэффициенттердің нормативтік мәндерінің біркелкі болуы.

Сонымен бірге ұйымның қаржылдық жай-күйін талдаған кезде «алдын ала ойлау» қажет, ол үшін болашақ кезеңдерге табыстар мен қаржылық жағдайды анықтау мақсатында болжамдық модельдерді қолдану керек. Мұнда сату көлемінің шығынсыздық нүктесін есептеу қажет, болжамдық қаржылық есептеме жасап, активтердің нарықтық құнын күнделікті бағалау керек. Статистикалық ықтималдық әдісін-ағымдағы инвестицияларды есепке алған кезде болашаққа ықтималдық табысты сипаттайтын көрсеткішті қолдану керек.

Осының негізінде баланстың «ауыру» баптарына (зиянның болуы, несиелер мен қарыздар пайызы, уақытынан асып кеткен дебиторлық және кредиторлық берешектер) тереңдетілген талдау жүргізілуі тиіс [10]

Қазіргі уақыт кезеңінде ұйымдардың көпшілігі белгілі себептерге байланысты қаржылық қиыншылықты басынан кешіруде, сондықтан басшылар жиі қаржылық жағдайды талдаудың түрлі әдістемесіне жүгінетін болды.

Қорытындылай келе қаржылық жағдай-кешенді түсінік екен атап өту керек. Сол себепті қаржылық жәйға талдау жасау кәсіпорынның қызметі ерекшеліктерін есепке ала, бағалаудың тиімді әдістерін таңдай отыра, қызметінің әрбір сәтіне жан-жақты қарастыратын кешенді бағалауды жүргізу керек.

Өкінішке орай ұлттық экономиканың қазіргі дамуы сатысында әр түрлі салалар үшін кешенді талдау жасауға мүмкіндік беретін бірыңғай әдістеме жоқ. Ол болса осы облыстағы білімді ары қарай зерттеуді және дамытуды қажет етеді.

## 2 «Ақкөлстройсервис» жшс-нің қаржылық жағдайын талдау

### 2.1 Активтер пен пассивтер құрамы мен құрылымының динамикасын талдау

Есептеменің маңызды бөлігі активтерді талдау барысында олардың бар немесе жоқ болуы, құрылымы мен орын алған өзгерістері зерделенеді. Активтерді зерттеген кезде олардың жеке топтарын талдап, ұтымды орналастыру жағын ойластыруға болады [12],[13].

Баланс активтерін талдаған уақыт аралығында олардың орналасу тәртібін, есепті кезеңде қай жағына назар аударылғанын, мүліктердің қай жағына икемді екенін байқауға болады.

1 – ші кесте мәліметтерінде есепті жыл мен өткен кезең негізгі капиталы мен айналым капиталының құрамы мен құрылымына зерттеу жасалған.

1- кесте - «АқкөлСтройСервис» компаниясы 2017 жылдың басы мен аяғындағы активтер құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сума, теңге	Үлес салмағы (%)	Сума, теңге	Үлес салмағы (%)	Сума, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Активтердің құны, барлығы	277039239,73	100	3392933889,29	100	62254649,56	+22,5	-
2	Оның ішінді: қысқа мерзімді активтер	86199143,69	31,1	148453793,25	43,8	62254649,56	+72,2	+12,7
3	Ұзақ мерзімді активтер	190840096,04	68,9	190840096,04	56,2	0,00	0,00	-12,7
4	Негізгі құралдар құны	33706758,54	12,2	33706758,54	9,9	0,00	0,00	-2,3
Ескерту – кесте компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

Есептеу нәтижесінде Ақкөл шаруашылығы активтерінің құны жылдың басымен салыстырғанда 62254649,56 теңгеге немесе 22,5%-ға өскен. Активтердің артуына негізінен қысқа мерзімді активтердің жоғарлауы әсер еткен.

Бірақ жалпы активтер ішіндегі ұзақ мерзімді активтердің үлес салмағы жоғары болғандықтан негізінен осы активтер есебінен көбейген. Жекелеп айтар болсақ айналым капиталы өткен жылға қарағанда 62254649,56 теңгеге немесе 72,2%, оның үлес салмағы 12,7% жоғарлаған. Айналым қаражаттарының көбеюі компания үшін жағымды, өйткені осы активтер есебінен борыштарын өтейді. Негізгі капиталы жыл басындағы сомасымен өзгеріссіз қалған. Бірақ оның үлесі 56,2%. Активтердің орналасуы бұл компанияда тиімді. Оған қысқа мерзімді активтердің 40% - дан жоғары, ұзақ мерзімді активтердің 60% - ға жуық екені куә.

Ары қарай коэффициенттер әдісін қолданып, тұжырым жасаймыз. Ол үшін алдымен келесі коэффициенттерді есептейміз:

- мобильдік коэффициенті;
- мобильдік және иммобильдік коэффициенттер қатынасы;
- негізгі құралдардың нақты құны коэффициенті.

Мобильдік коэффициентті есептеу үшін қысқа мерзімді активтерді баланс валютасына бөлеміз. Талданып отырған ұйымда бұл коэффициенттің мәні жыл басында 0,31 – ді жыл соңында 0,44 пунктті құрайды.

Коэффициенттің жоғарлауы компания жұмысының үздіксіз екенін көрсетіп, барлық қарыздарын, яғни еңбек ақы, салықтар мөлшері, басқа да қарыздар уақытында өтелетіндігін дәлелдейді. Коэффициент мөлшері жұмыс істеу саласына байланысты болады.

Келесі коэффициент мобильдік және иммобильдік қаражаттар қатынасымен, яғни қысқа мерзімді активтерді ұзақ мерзімді активтерге бөлумен анықталады. Компания үшін бұл коэффициент мәні жыл соңында 0,78 пунктті құрап, жыл басына қарағанда 0,33 – ке көбейген. Бұл көрсеткіш активтердің оңтайлы орналуын сипаттайды және де мәні салалық ерекшеліктерге байланысты.

Бұдан кейін негізгі құралдардың нақты құны коэффициентін есептейміз. Оны табу үшін негізгі құралдардың нақты құнын баланс валютасына бөлеміз. Коэффициент мәні 0,5 – тен төмен болмау керек.

Ұйымда бұл көрсеткіш есепті кезең басында 12,2% - ды құраса, соңында 9,9% - ды құраған. Жыл басына қарағанда 2,3% - ға төмендегенін көруге болады. Бұл компания құрылыс материалдарын сатумен ғана айналысатындықтан көрсеткіш мәні төмендегені қаржылық жағдайға қатты әсер етеді дейміз.

Осыдан кейін қысқа мерзімді активтер өзгерісін зерттейміз. Ол үшін келесі 2 – ші кестені құрастырамыз.

2 – ші кесте мәліметтері қысқа мерзімді активтердің қозғалысының қолайлы екенін көрсетеді. Есепті кезең арасында айналым капиталы 22,5% - ға өскен. Қысқа мерзімді активтер ішінде ең үлкен үлес салмақты дебиторлық берешектер алады, олардың үлесі жыл соңында 89,2 пайызды алады және 90,4 пайыз болған жыл соңында. Бұл дегеніміз компанияның дебиторлық берешекті басқару саясатының дұрыс құрылмағандығын білдіреді.

2 – кесте - «АқкөлСтройСервис» ЖШС айналым капиталы құрамы мен құрылымы

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сوما, теңге	Үлес салмағы (%)	Сوما, теңге	Үл. салмағы (%)	Сوما, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Қысқа мерзімді активтер	86199143,69	100	148453793,25	100	62254649,56	+22,5	-
1.1	Ақшалай қаражаттар, оның баламалары	148840,76	0,17	51230,58	0,1	2389,82	1,6	-0,07
1.2	Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	-	-	-	-	-	-	-
1.3	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	69518277,66	80,7	132391576,0	89,2	62873298,34	90,4	+8,5
1.4	Қорлар	11737988,64	13,6	9965681,64	6,7	-1772307	-15,1	-6,9
1.5	Ағымдағы салық активтері	-	-	-	-	-	-	-
1.6	Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	-	-	-	-	-	-	-
1.7	өзге қысқа мерзімді активтер	4794036,63	5,6	5945305,03	4	1151268,40	24	-1,6
Ескерту – Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

Бұндай жағдай орын алғанда олардың құрамындағы күмәнді борыштарды анықтап, компания тез арада алдын ала төлем жасатады. Жеңілдіктер жасау, болмаса басқа төлемді уақытында жасай алу сияқты жолдарды қарастырып, берешектердің сомасын азайту жолдарын қарастыру керек.

Сонымен бірге басқа тұтынушылар іздестіру керек. Соның салдарынан ең өтімді активтер-ақша қаражаттарының үлесі өте аз болған. Қысқа мерзімді

борыштарды өтеу үшін қаражаттар жеткіліксіз. Қысқа мерзімді салымдар сомасы да компанияда жоқ екенін атап өту керек.

Қосалқы бөлшектердің үлесі 6,9 пайызға азайған. Бұл жоғарыда аталған дебиторлық берешектің артуына әкелген. Компания тауарларды қарызға бере отырып, ақша қаражаттарының түсуі азайған. Қысқа мерзімді авантсар, болашақ кезеңдегі шығыстар шоттары бойынша құбылыстарды зерттеп, өзгеру себептерін анақтау қажет.

Талдаушының келесі міндеті ұзақ мерзімді активтердің өзгеру себептерін анықтау. Ол үшін 3 – ші кестені құрастырамыз.

3 – кесте - «АқкөлСтройСервис» ЖШС негізгі капиталы құрамы мен құрылымын талдау

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.	Негізгі капитал, оның ішінде:	190840096	100	190840096	100	0	0	-
1.1	Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	-	-	-	-	-	-	-
1.2	Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	-	-	-	-	-	-	-
1.3	Үлестік қатысу әдісімен есептелетін инвестициялар	-	-	-	-	-	-	-
1.4	Инвестициялық жылжымайтын мүлік	-	-	-	-	-	-	-
1.5	Негізгі құралдар	33706758,54	17,6	11706758,54	17,6	0	0	0
1.6	Биологиялық активтер	-	-	-	-	-	-	-
1.7	Барланатын және бағаланатын активтер	-	-	-	-	-	-	-
1.8	Материалды емес активтер	33337,5	0,02	33337,50	0,02	0	0	0
1.9	Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	-	-	-	-	-

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1.1 0	Өзге ұзақ мерзімді активтер	157100000	82,3	157100000	82,3	0	0	0
Ескерту – Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

Есептеу нәтижесінен компанияның ұзақ мерзімді активтері құрамында ешқандай өзгеріс баболмағанын байқап отырмыз. Тек қысқа мерзімді активтер үлесі жоғарлағандықтан бұлардың үлес салмағының өзгеріп, 12,7 пайызға төмендегенін көруге болады. Жалпы активтер ішіндегі үлесі жалпы қалыпты дейміз.

Баланс пассиві орналасуы мен құрамына талдау жасау үшін келесі аналитикалық кестені құрастырамыз.

4 – кесте – «АқкөлСтройсервис» ЖШС – нің капиталы мен қарыздары құрамы мен құрылымын талдау

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Капитал, барлығы	277039239,73	100	339293889,29	100	62254649,56	22,5	-
1.1	Оның ішінде: меншікті капитал	9864441,23	3,6	7792565,39	2,3	-2071875,84	-21	-1,3
1.2	Қарыз капиталы	267174798,5	96,4	331501323,90	97,7	64326525,4	+24	+1,3
Ескерту- Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

4 – ші кесте есептеуі көрсеткендей осы жылы барлық капитал сомасы 62254649,56 теңгеге немесе 22,5 пайызға өскені байқалады. Аталған өсім негізінен қарыз капиталы есебінен болған, оның мөлшері жыл басымен салыстырғанда 24 пайызға жоғарлаған, үлес салмағы да сәйкесінше 1,3 пайызға жоғарлаған. Қарыз капиталының жалпы капитал сомасында үлесі жоғары. Оның болуы компания несие алып, несие ұйым үшін табыс әкеліп жатса ғана тиімді, яғни алған несие қандай бір жұмысқа, қызметке салынып, одан пайдалану көзделсе.

Қарыз капиталының көбеюі әсерінен меншікті капиталдың үлес салмағы сәйкесінше 1,3 пайызға төмендеген. Талдамалық отандық, шетелік

әдебиеттерде меншікті капиталдың жалпы капиталдағы үлесін сипаттайтын көрсеткіш тәуелсіздік коэффициенті деп аталады. Оның мәні жоғары болғаны компанияның сыртқы қаражат көздеріне тәуелсіздігінің жоғарлағанын білдіреді.

Қарыз қаражаттарының неліктен үлес салмағы жоғары екенін білу үшін олардың құрылымына, құрамына талдау жасалады (кесте 5).

5 – кесте – «АқкөлСтройсервис» ЖШС қарыз капиталын талдау

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қарыз капиталы, барлығы	267174798,5	100	331501323,9	100	64326525,4	+24,01	-
1.1	Оның ішінде: қысқа мерзімді міндеттемелер	87474798,5	32,7	151801323,9	45,8	64326525,4	+73,5	13,1
1.2	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	179700000	67,3	179700000	54,2	0,00	0,00	-13,1
Ескерту – Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

Кесте мәліметтерінен қарыз капиталының негізінен ұзақ мерзімді міндеттемелер есебінен екенін байқау қиын емес. Оның үлес салмағы қысқа мерзімді міндеттемелердің көбеюінен азайғанымен, жалпы сомасы қысқа мерзімді қарыздарға қарағанда өте жоғары. Есептік кезеңде қысқа мерзімді міндеттемелер 64326525,4 теңгеге немесе 73,5 пайызға жоғарлаған. Ал бір жылдан жоғары көлемде қайтарылуы тиім міндеттемелер сомасы өзгеріссіз қалып отыр.

Бір жылға дейінгі қарыз қаражаттарының өсуі қандай баптар есебінен болғанын білу мақсатында келесі 6-шы кестені құрастырамыз.

Қысқа мерзімді қарыздар сомасы ішіндегі үлкен үлес салмақты кредиторлық борыш алғаны көрініп тұр. Кредиторлық борыштың сомасы 66393361,4 теңгеге артқан, оның үлес салмағы жыл соңында 98,5 пайыз. Кәсіпорынның дебиторлық берешегінің көп екенін еске түсірсек, онда кредиторлық берешектің неге жоғары екенін түсінеміз.

Бірақ дебиторлық берешекпен кредиторлық берешек қамтамасыз етілгенін тексеріп көруге болады, оларды ара қатынасы 2:1. Бұл компанияда есепті жылды басында қысқа мерзімді дебиторлық қарыз кредиторлық берешектен 0,8 есеге (69518277,66: 83055993,70) артықлығын көретеді. Жыл

аяғында 0,9 есеге (132391576,00: 149449355,10) артық екенін көреміз, яғни қамтамасыз етілгеніне көз жеткіземіз.

Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелерге келсек олар барлық қысқа мерзімді міндеттемелер ішінде 2,4 пайызын алады, жыл аяғында компания бұл бап бойынша қарыздарын жапқанын көреміз.

6 – кесте – «АқкөлСтройсервис» ЖШС жыл басы мен соңындағы қысқа мерзімді қарыздарын талдау

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	∑, теңге.	Үлес салмағы (%)	∑, теңге.	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	87474798,5	32,7	151801323,9	45,8	64326525,4	73,5	-
1.1	Оның ішінде: қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	-	-
1.2	Салықтар бойынша міндеттемелер	2270945,75	2,6	2270945,75	1,5	0,00	0,00	-1,3
1.3	Басқа да ерікті және міндетті төлемдер сомасы	81023,05	0,1	81023,05	0,1	0,00	0,00	0,00
1.4	Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	83055993,7	94,9	149449355,1	98,5	66393361,4	79,9	3,4
1.5	Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	2066836	2,4	-	-	-2066836	-100	-2,4
Ескерту – Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген								

Салықтар есебінен міндеттемелер осы жыл ішінде өзгеріске ұшырамаған. Бірақ оның үлесі кредиторлық берешектің өсуі себебінен 1,5 пайызға азайған.

Аналитиктің келесі жұмысы ұзақ мерзімді міндеттемелерге талдау жасау. Бұл бөлім бойынша тек ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер сомасы бар. Оның сомасы өзгермеген, жыл басында да және жыл соңында да 179700000 теңгені құрап отыр.

Келесі сатыда капиталдың өзгеруіне талдау жасаймыз (7-кесте).

Компания жұмысның негізгі нәтижесін көрсететін бөлінбеген табыс (жабылмаған залал) меншікті капиталдың құрамына кіреді. Осы бап салықтар мен дивиденттер төлегеннен соң қалатын, қалған сомасы өндірісті дамыту, жаңадан мүлік сатып алу сияқты қажеттіліктерге жұмсалатын болғандықтан пайдаланушылар бұған жіті назар аударады.

Есептік кезеңде меншікті капитал 21 пайызға азайған. Оған себеп бөлінбеген табыстың 2011875,84 теңгеге, яғни 1 пайызға кеміген.

7 – кесте – «АқкөлСтройсервис» ЖШС меншікті капиталына талдау

№	Көрсеткіш	Жыл басы		Жыл соңы		Есепті кезеңдегі өзгерістер		
		Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	Үлес салмағы (%)	Сомасы, теңге	(%)	Құрылым өзгерісі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Меншікті капитал жиыны	9864441,23	100	7792565,39	100	-207875,84	-21	-
1.1	Оның ішінде: Жарғылық капитал	100000	1	100000	1,3	0,00	0,001	
1.2	Бөлінбеген табыс	9764441,23	98,9	7692565,39	98,7	-2071875,84	-21,2	

Ескерту – Компания қаржылық есептемесі негізінде авторлармен құрастырылып, есептелген

Сонымен қорытындылай келсек келтірілген мәлімет бойынша ұйымның активті мен пассивіне не себептен өзгеруін анықтау үшін талдау жасалынды.

Ұйым дебиторлық берешегі есебінен кредиторлық берешек қамтамасыз етілгеніне көз жеткіздік. Алайда ұйымның көп мөлшерде сыртқы қарызға тәуелді екені, егер ол несие жұмыс істемесе тиімсіз екенін ескертуге болады.

## 2.2 «АқкөлСтройсервис» ЖШС-нің төлемге қабілеттілігін және баланс өтімділігін талдау

Төлемге деген қабілеттілік шаруамен айналысатын субъектінің қаржылай орнықтылығының бірден-бір белгісі, сол себепті онымен байланыста болады.

Төлем жасау қабілетін талдау баланстың өтімділігін талдаудан басталады. Қаржылық жағдай жәйлі есеп берудің болмаса баланстың өтімділігін талдаудың қарастырар алдында бар активтердің, баланстың сонымен қоса компанияның «өтімділігі» деген не деген сұраққа жауап алу керек.

Өтімділік дегеніміздің екі екі тұжырымы бар. Бірінші тұжырымда компанияның өзінің 1 жылға уақытқа дейінгі қарыздарын реттейтін қабілеттілігі екенін түсіндіреді.

Мысалға, орыстың ғалымы Е.Т.Балабанов өтімділікті: «өзінің қарыздарын аз уақыт ішінде өтеу қабілеті», - деп жазады. Оның пікірінше айналым қаражаттарын сатып, фирманың тірі ақша айналдыру жағдайы болса, өтімді болады [14].

Екіншіде айналым капиталының ақшалай қаражаттарға тез жылдамдықпен айнала алу, даяр болуы.

Н.П. Кондраков өтімділік деп материалдық және де басқа құны барларды сатып, оларды ақшалай қаражатқа айналдыру мүмкіншілігі,- деп тұжырым жасайды [15].

Ағылшындық экономист-ғалымдардың «Бухгалтерлік талдау» деген жұмысында «фирманың өтімді болуы-бар төлеу керек төлемдер уақты мөлшерінің туындауына қарай өтеу үшін өздік ақшақаражаттарын ақшаға айналдыру мүмкіншілігі» дейді. Олардың ойынша «өтімдік-ақшаға оңай айналу» деген ұғым дейді [15]

Қортындылайтын болсақ өтімділік дегеніміз біздің пікірімізше фирманың өз міндеттерін ақшалай қаржыға айналдыру уақыты қарыздарын төлеу уақытына тура келетін мүліктер құнымен өтеу қабілеттігі.

Субъектінің төлемге қабілеттігі осы айналдыру үдерісінің қаншалықты тез болуына тәуелді және де ұжымның сөзсіз төлемге қабілетті екенін білдіреді.

Еге шындап келетін болсақ, ұжымның өтімділігі баланстың талдау екенін білдіреді, өтеу, төлеу мерзіміне орай топтасқан пассив бойынша міндеттер бар мүлік, яғни актив бойынша қаражаттарды салыстыру.

Шын мәнінде, ұйымның өтімділігі баланстың өтімділігін талдауды білдіреді және өтімділік дәрежесі, өтеу мерзімімен топтастырылған пассив бойынша міндеттемер бар актив бойынша қаражаттармен салыстыру деп түсінуге болады.


Актив пен оларды қалыптастыру көздері баптарымен топтастыру қатаң түрде – ең жоғары өтімдіден, басқаша айтқанда өтімділіктерінің азаюымен және бірінші төлену қажетті төлемнен мерзімі ұлғаюына қарай жасалады.

Егер өтімді болса, онда ол төлемге қабілетті. Талдауға баланс активтері мен пассивтері топтастырылады: өтімділік төмендеу мөлшеріне қарай; төлеу жүргізу жылдамдығына қарай.

A1	• Өтімділігі өте жоғары активтер (ақшалай қаражаттар, 1 жылға дейінгі қаржы салымдары)
A2	• Тез сатылатын активтер. 1 жылға дейінгі уақыттағы дебиторлық берешектер, басқа да айналым қаражаттары
A3	• Ақырын жай сатылатын активтер. Қосалқы бөлшектер: шикізат, материалдар, тауарлар, дайын өнім, аяқталмаған өндіріс, өзге де шығындар, басқа да айналым капиталының қалған баптары кіреді.
A4	• Сатылуы қиын активтер. Бұған активтердің 2-ші бөлігі негізгі капитал толығымен жатады.

5 – сызба – активтерді өтімділігі мөлшеріне орай орналастыру  
Ескерту- [15],[17] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

Пассив бөлігі төлеу мерзімі бойынша орналастырылады (6 – сызба).



6 – сызба – активтерді өтімділігі мөлшеріне орай орналастыру.  
Ескерту- [15],[17] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

Баланс абсолютті өтімді болып саналады, егер: А1 үлкен немесе тең П1 - ден; А2 үлкен немесе тең П2 – ден; А3 үлкен немесе тең П3 – тен; А4 кіші немесе тең П4 – тен;

Егер жоғарыда көрсетілген 1 – ші үш теңсіздігі орындалса, 4 – шісі міндетті түрде орындалады. Оның орындалуы қаржылай орнықтылықтың ең төменгі жәйінің сақталғандығын, меншік айналым қаражаттарының барын дәлелдейді.

Топтарға орналастыру, сол арқылы өтімділікті анықтау 8-ші кестеде көрсетілген.

Шарт бойынша 1 – топ активтер 1 – ші топ пассивтерді жаппайтыны көрінеді, атап айтқанда А1 – 151230,58, ал П1 – 151650093,32. Жоғары өтімді активтер есебінен 1 – ші кезектегі міндеттемелер жабылмайды.

Тез сатылатын активтер жыл соңында қысқа мерзімді міндеттемелерді жабатынын байқаймыз.

Сатылуы баяу, яғни А3 тобы 1 жылдан жоғары міндеттемелерді өтей алмайды. А3 – 167065681,64, ал П3 – 179700000 теңгені құраған.

4 – ші топ активтер шарт бойынша 4 – ші топ пассивтерден аз болуы тиіс. Бұл шарт та орындалмады.

Қортындыласақ бұл компанияның балансы өтімсіз деп тұжырым жасауға болады. Өйткені 4 шарттың 1,3,4 топтары орындалмай тұр.

Баланс өтімділігін жалпы былайша анықтауға болады:

$$K_0 = (A1 + 0,5 A2 + 0,3 A3) / (П1 + 0,5 П2 + 0,3 П3), \quad (1)$$

Осы формула арқылы жалпы ұйымның төлемге қабілеті мен қаржылай ахуалының өтімділік жағынан өзгеруін жалпы бағалауға болады екен.

Бұл көрсеткіш негізінде есептеме арқылы болуы ықтимал серіктестер ішінен қажетті серіктесті таңдау үшін де қолданылады. «Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің жалпы өтімділік көрсеткіші мәні төмендегідей болды:

$$\text{Жыл басы: } K_0 = (148840,76 + 0,5 * 74312314,29 + 0,3 * 168837988,64) / (85407962,5 + 0,5 * 2066836 + 0,3 * 179700000) = 0,63$$

$$\text{Жыл соңы: } K_1 = (151230,58 + 0,5 * 138336881,03 + 0,3 * 33740096,04) / (151801323,9 + 0,3 * 179700000) = 0,58$$

Негізі көрсеткіштің жағымсыз мәні 0,5. Осыдан талдамалы компанияның кезең аяғында төлемге қабілеті төмендегенін көреміз.

Бірақта бұл формула арқылы қысқа мерзімді өтеуге тиіс міндеттемелерді мүмкіндіктерді бағалау мүмкін емес. Сондықтан бұл көрсеткішпен қоса өтімділік көрсеткіштерінің бүтін жиынтығы пайдаланады.

Жақын арадағы төлемге қабілетті болуды анықтау үшін төлемге қабілеттілік коэффициенті есептеледі. Оны табу үшін ақшалай қаражаттарды 1 жылға дейінгі қысқа мерзімді қарыздарға бөлеміз.

Ол 1 – тең болмаса одан жоғары болса, фирма төлемге қабілетті. Ал 1 – ден аз боған жағдайда талдау үдерісінде ақашынң жетіспеу салдарын анықтау қажет.

Перспективті, яғни болашақтағы төлемге қабілетті анықтау мақсатында 3 өтімділік көрсеткіштері есептеледі (6 – сызба):

<p>Абсолютті өтімділік коэффициенті  <math>K_{a.l} \geq 0,2 \text{ } 0,5</math></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ақша қаражаттары+тез өткізілетін бағалы қағаздар/қысқа мерзімді міндеттемелер</li> </ul>
<p>Аралық өтеу (жабу) коэффициенті  <math>K_{ap.0} \geq 1</math></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ақша қаражаттары+тез өткізілетін бағалы қағаздар+қысқа мерзімді дебиторлық берешек+ өзге де айналым капиталы/қысқа мерзімді міндеттемелер</li> </ul>
<p>Жалпы өтеу (жабу) коэффициенті  <math>K_{aф.0} \geq 2</math></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қысқа мерзімді активтер/қысқа мерзімді міндеттемелер</li> </ul>

7 – сызба – өтімділік көрсеткіштері  
 Ескерту- [15],[17] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

8 – кесте - «Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің 2017 жыл басы мен аяғындағы өтімділік балансы

№	Актив	Сомасы, теңге		Қалыптасту кезі	Сомасы, теңге		Төлемнің артығы (+), жетіспеушілігі (-)	
		Кезең басы	Кезең соңы		Кезең басы	Кезең соңы	Кезең басы	Кезең соңы
	1	2	3	4	5	6	7	8
1.	Өтімділігі өте жоғары активтер	148840,76	151230,58	Бірінші кезектегі міндеттемелер	85407962,5	151801323,9	-85259121,74	-151650093,32
2.	Тезірек сатылатын	74312314,29	138336881,03	1 жылға дейінгі қысқа мерзімді міндеттеме Лер	2066836	0	72245478,29	138336881,03
3.	Сатылуы баяу	168837988,64	167065681,64	1 жылдан жоғары ұзақ мерзімді міндеттеме Лер	179700000	179700000	-10862011,36	-12634318,36
4.	Сатылуы қиын	33740096,04	33740096,04	Тұрақты міндеттеме Лер	9864441,23	7792565,39	23875654,81	25947530,65
	Жиыны	277039239,73	339293889,29	Жиыны	277039239,73	339293889,29	-	-
Ескерту – кесте «Ақкөлстройсервис» ЖШС есептемесі негізінде құрастырылып, есептелген								

Енді жоғарыда сөз қалған өтімділік көрсеткіштерін есептейік (9 – кесте).

9 – кесте - «Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің 2017 жылға перспективтегі өтімділік көрсетіштері

№	Көрсеткіштер	Жыл басы	Жыл соңы	Ауытқуы
1	2	3	4	5
1	Абсолютті өтімділік	0,002	0,001	-0,001
2	Аралық өтімділік	0,85	0,92	0,07
3	Ағымдағы өтімділік	0,91	0,92	0,01

Ескерту - «Ақкөлстройсервис» ЖШС есептемесі негізінде құрастырылып, есептелген

9 – шы кестеден ағымдағы өтімділік коэффициентінің нормаға сәйкес келмей тұрғанын көреміз. Олуы керек 0,2 – 0,5 аралығында. Аралық өтем көрсеткіші жыл аяғында жоғарлағанымен де берілген мәніне сай емес.

Ағымдағы өтімділік көрсеткіші қаншалықты айналым активтері есебінен міндеттемелерді өтей алатынын көрсетеді. Бұл коэффициент мәні жыл соңында 0,01 пунктке жоғарлаған. Бірақ теориялық мәнінен алдеқайда төмен.

Қортындылайтын болсақ «Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің баланс өтімділігі нашар, перспективті төлемқабілеті төмен екеніне көз жеткізе отырып, алдағы уақытта жағдайды көтеру үшін шаралар жасауы керек деп ұсыныс жасаймыз.

### 2.3 «Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің іскерлік белсенділігін және банкроттық ықтималдылығын талдау

Фирманың іскерлі белсенділігі мен банкроттылық ықтималдылығын талдау қаржылай жәй-жапсарды талдаудың соңғы кезеңі десе де болады.

Іскерлі белсенділік фирманың қаражаттары айналымының жылдамдығынан көрінеді. Ол фирманың қаншалықты тиімді қолданылғанын нақтылауға жағдай жасап, түрлі типтегі айналымдылық көрсеткіштерінің мөлшері мен қозғалысын зерделейді [16]

Іскерлі белсенділік коэффициенттерінің нәтижелі болуы компанияның төлемге қабілетіне тікелей әсері бар. Оған қоса басқалай қандай да бір жағдай болғанда қаражаттардың айналымының жылдамдығы өсуінен өндірісті-техникалы күш-қуат артады.

Фирмалардың іскерлі белсенділігінің көрсеткіштері мыналар:

1. Капиталдың (мүлік құны) айналымдылық коэффициенті. Бұл бір жыл ішінде неше рет айналып, активтердің бірлігі қанша ақша әкелетін көрсетеді.

$K_{ка} = \text{тауарды сатудан түскен түсім} / \text{авансталған капиталдың мөлшері}, (2)$

«Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің осы көрсеткіш бойынша нәтижесі:

2017 жылдың басына:  $85832996 / 277039239 = 0,31$ ;

2017 жылдың аяғына:  $5932680 / 339293889,29 = 0,02$ .

Есептеудің нәтижесінен ресурстардың қолданылуының тиімділігінің азайғанын көруге болады.

2. Негізгі құралдардың айналымдылығы коэффициенті. Негізі бұл көрсеткіш қорқайтарымдылығын білдіреді. Оны табу үшін саудадан түскен түсімді қалдық құны бойынша негізгі құралдардың орташа жылдық құнына бөлумен есептейді.

«Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің осы көрсеткіш бойынша нәтижесі:

2017 жылдың басына:  $85832996 / 33706758,54 = 25$ ;

2017 жылдың аяғына:  $5932680 / 33706758,54 = 0,18$ .

Есептік деректерден бұл ресурстардың эффектісінің төмендегенін, яғни салған ресурстан табыс мөлшерінің азайғанын көреміз.

3. Меншік капиталының айналымдылығы.

Бұны табу үшін тауардан түсімді меншік капиталының орташа мөлшеріне бөлеміз.

«Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің осы көрсеткіш бойынша нәтижесі:

2017 жылдың басына:  $85832996 / 9864441,23 = 8,71$ ;

2017 жылдың аяғына:  $5932680 / 7792565,39 = 0,76$ .

Нәтиже бұл меншік капиталының жыл басында 8 теңге 71 тиын әкелгенін көрсек, 2017 жыл соңында 0,76 тиын ғана әкелгенін көреміз, яғни пайдалану тиімділігі азайған.

4. Айналым активтерінің айналымдылығы. Мұны есептеу де алдыңғыларға ұқсас, сатудан түсімді айналым капиталына бөлеміз.

«Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің осы көрсеткіш бойынша нәтижесі:

2017 жылдың басына:  $85832996 / 86199143,69 = 0,99$ ;

2017 жылдың аяғына:  $5932680 / 148453793,25 = 0,04$ .

Көрсеткіш деңгейі төмендеген, айналым активтерінің айналым саны өткен жылға қарағанда азайған.

5. Айналымдық материалдық қаражаттарының айналымдылық коэффициенті. Бұны есептеу өзгеше. Сатылған тауардың өзіндік құны материалдар құны шамасына бөлеміз. Бұның нәтижесі жыл басында 0,004 рет, жыл аяғында 2,94 рет екен. Қорытатын болсақ, материалдардың, тауарлардың ақшаға айналу үдерісі жылдамдаған.

6. Дебиторлық борыштар айналымдылық коэффициенті. Оны анықтау үшін сатудан түсімді берешек қарыздар самасына бөлеміз. Есептік нәтиже жыл басына 1,2 рет, жыл аяғында 0,04 ретті көрсетті. Яғни фирмаға берешек ұйымдардың қарызының ұлғайғанын болмаса азайғанын білдіреді екен.

7. Кредиторлық берешек айналымдылығы коэффициенті. Бұны есептеу де алдыңғыға ұқсас. Талдамалық ұйымда жыл басында 1,03 рет, жыл соңында 0,04 рет болды.

8. Перманенттік капиталдың айналым жылдамдығы коэффициенті. Бұл кәсіпорынның ұзақ мерзімде қолданатын капитал айналымын көрсетеді. Есептеу қортындысы 2017 жыл басына – 0,45 рет., жыл соңына – 0,03 рет.

Сонымен біз салынған ресурстар мөлшерінің қаншалықты түсім әкелетінін зерттедік.

Енді банкроттық ықтималына талдау жасап көреміз.

Банкрот болу дегеніміз борыштарын жабуға ақшалай қаражат жоқ болуынан төлеу қабілетінің болмауы.

Өнеркәсібі қарыштап дамып кеткен елдерде банкроттық ықтималын болжамдау үшін атақты шетел ғалымдары-экономистердің Альтман, Таффлер, Лис және басқалар дайындаған тәсілдері - модельдері бар [18].

Альтман 1968 жылы жиырма екі талдамалық коэффициенттер негізінде отыз үш амеркандық компанияларды зерттеді.

Оның бес факторлы үлгісі келесідей:

$$Z = 1,2x_1 + 1,4x_2 + 3,3x_3 + 0,6x_4 + 0,999x_5, \quad (3)$$


Мұндағы:



8 – сызба – Модельдерді табу формулалары  
Ескерту-сызбаны әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

Үлгілерді Z-үлгілер деп атайды. Z мәні 1,81 – ден аз болса фирма банкрот деген сөз. Z – үлгі 1,81 ден үлкен, 2,765 – тен төмен болса, онда ықтимал болуы орташа. Z – үлгі 2,765 – тен көп, 2,99 – дан аз болғанда ұйымның ықтималдығы үлкен емес, кәсіпорын орнықты. Ал Z – үлгі 2,99 – дан үлкен болса – банкроттық ықтималы өте төмен.


Енді осы үлгімен есептейік (9 – сызба).



9 – сызба – 2017 жыл басына бес факторлы үлгімен есептеу нәтижесі  
Ескерту-сызбаны есептілік негізінде авторлар құрастырған

2017 жыл басына:  $Z = -0,61 + 0,007 + 0,007 + 0,04 + 0,31 = 0,25$  ;

2017 жыл соңына:  $Z = -0,51 + 0,006 + 0,066 + 0,02 + 0,17 = -0,48$ .



10 – сызба – 2017 жыл аяғына бес факторлы үлгімен есептеу нәтижесі  
Ескерту - сызбаны есептілік негізінде авторлар құрастырған

Жылдық орта есеппен балансы 455 мың доллар болатын отыз күйреген, 30 қалыпты жұмыс істейтін алпыс кәсіпорындар деректерімен Фулмер моделі құрастырылды. Бастапқыда қырықтай коэффициент құраса, кейінгісінде тоғыз көрсеткіш қана қолданылды.

$$H = 5,528x_1 + 0,212x_2 + 0,073x_3 + 1,270x_4 - 0,120x_5 + 2,335x_6 + 0,575x_7 + 1,083x_8 + 0,894x_9 - 3,075 \dots \dots \dots (3)$$

Мұндағы  $x_1 - x_9$  (11 – сызба):

- $x_1$  • Өткен жылдың бөлінбеген пайдасы / баланс валютасына;
- $x_2$  • Өнімді өткізуден түскен табыс / баланс валютасына;
- $x_3$  • Салық салуға дейінгі пайда / меншік капиталы;
- $x_4$  • ақша ағымы / міндеттемелер (ұзақ және қысқа мерзімді);
- $x_5$  • ұзақ мерзімді міндеттемелер / баланс валютасына;
- $x_6$  • қысқа мерзімді міндеттеме / баланс валютасы;
- $x_7$  •  $\log(\text{материалды активтер})$ ;
- $x_8$  • айналым капитал / міндеттеме;
- $x_9$  •  $\log(\text{салық салуға дейінгі табыс} + \text{төленуге тиісті пайыздар}) / \text{төленуге тиісті пайыздар}$ .

11 – сызба – Фулмер үлгісінің есептеу формулалары  
Ескерту-сызбаны есептілік негізінде авторлар құрастырған

Көрсетілген үлгі бойынша болжаудың шынайылығы бір жылға 98 пайызды, екі жылға 81 пайызды құрайды екен. Егер  $H$  0-ден кіші болғандай болса күйреу болады.

«Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің осы көрсеткіш бойынша нәтижесі (11 – сызба):

$x_1$	• $85832996/339293889,29=2,53$ ;
$x_2$	• $5932680 / 339293889 = 0,17$
$x_3$	• $2071875.84 / 7792656,39 = 0,27$
$x_4$	• $86199143,69 / 331501323,90 = 0,26$ ;
$x_5$	• $179700000,00 / 339293889,29 = 0,53$ ;
$x_6$	• $151801323,9 / 339293889,29=0,45$ ;
$x_7$	• $\log(337758) = 0,66$
$x_8$	• $171907434,61/149453793,25=1,13$
$x_9$	• $= \log(2071875,84 + 0) / 0=0$

12 – сызба – Фулмер үлгісінің есептеу нәтижелері  
Ескерту-сызбаны есептілік негізінде авторлар құрастырған

Нәтижеде:  $H = 2,53 + 0,17 + 0,27 + 0,26 - 0,53 + 0,45 + 0,66 + 1,13 = 4,49$   
«Ақкөлстройсервис» ЖШС-нің Фулмер әдісімен есептеу қортындысы бойынша банкротық ықтималы төмен.

### 3 Коммерциялық ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары

#### 3.1 Қаржылық жағдайды басқаруда қаржылық леверидж механизмін қолдану

Леверидж–табыстылықты басқарумен байланысты қаржылық менеджменттің ерекше бөлігі. Бұл ауырлықты көтеретін тұтқа, яғни мұның көмегі арқылы қаржылық жағдайды толықтай жақсы деңгейге өзгертуге болатын механизм. Қаржылық менеджмент контекстінде механизм ретінде икемді менеджерлердің мықты әрекеттері, тиімді басқару шешімдері түсіндіріледі [18]

Қаржылық леверидж меншікті капиталдың рентабельділігі коэффициентіне әсер ететін компанияның қарыз қаражаттарын қолдануды сипаттайды. Басқаша айтқанда, қаржылық леверидж компанияның қолданыстағы капиталында қарыз капиталының пайда болуымен туындайтын және оған меншікті капиталына қосымша табысты алуға мүмкіндік беретін объективті фактор.

Қарыз қаражаттарын әр түрлі көлемде қолдану барысында меншікті капиталға түсетін табыстың деңгейін көрсететін көрсеткіш қаржылық леверидж әсері (эффектісі) болып саналады. Ол келесі формула арқылы есептеледі:

$$ҚЛӨ = (1 - ТСМ) \times (АЖРК - НП) \times (ҚК/МК), \quad (4)$$

мұндағы:

ҚЛӨ – қаржылық леверидж әсері (эффектісі), меншікті капитал рентабельділігі коэффициентінің жоғарылаған уақытында болады;

ТСМ – ондық бөлшекпен көрсетілген табысқа салық мөлшерлемесі

АЖРК – активтердің жалпы рентабельділік коэффициенті (жалпы табыстың активтердің орташа құнына қатынасы);

НП – компанияның қарыз капиталын қолданғаны үшін төлейтін несиеге пайыздың орташа мөлшері;

ҚК – компания қолданатын қарыз капиталының орташа сомасы;

МК – компанияның меншікті капиталының орташа мөлшері.

Қаржылық леверидж эффектісін есептеу формуласын қарастыра отырып, одан негізгі үш құраушыны атап өтуге болады:

1. Қаржылық леверидждің салықтық түзеушісі (1 - ТСМ), ол табысқа салық салудың әр түрлі деңгейіне қарай, қандай деңгейде қаржылық леверидж эффектісі көрінетіндігін бейнелейді.

Қаржылық леверидждің салықтық түзеушісі кәсіпорынның қызметіне тәуелсіз, өйткені табысқа салық заңнамамен белгіленеді. Сонымен қоса қаржылық левериджді басқару процесінде сараланған салықтық түзеуші келесі жағдайларда қолданылуы мүмкін (13 - сызба):

- а) егер кәсіпорын қызметінің әртүрлі түрлері бойынша табысқа салық салудың сараланған мөлшерлемелері белгіленген болса;
- ә) егер кәсіпорын қызметтің бөлек түрлері бойынша табысқа салықтық жеңілдіктер қолданатын болса;
- б) егер кәсіпорынның бөлек еншілес фирмалары табысқа салық салудың жеңілдетілген тәртібі жұмыс жасайтын өз елінің еркін экономикалық зонасында қызметін жүзеге асыратын болса;
- в) егер кәсіпорынның бөлек еншілес фирмалары өз қызметін табысқа салық салудың төмен деңгейі бар мемлекетте жүзеге асыратын болса.

13 – сызба – Қаржылық левериджді басқару процесінде сараланған салықтық түзеушілер

Ескерту - [12],[13] әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

Бұл жағдайларда, өнеркәсіптің салалық және аудандық құрылымына әсер ете отырып және табысқа салынатын салықтың орташа мөлшерлемесін төмендетіп, салық түзеушісінің қаржылық леверидждің эффектісіне әсерін жоғарылатуға болады.

2. Қаржылық леверидж дифференциалы (АЖРК – НП) активтердің жалпы рентабельділік коэффициенті мен несиеге пайыздың орташа мөлшері арасындағы айырмашылықты сипаттайды.

Қаржылық леверидждің дифференциалы қаржылық леверидждің жағымды эффектісін қалыптастыратын басты шарты болып табылады. Бұл эффект кәсіпорын активтерімен генерацияланатын жалпы табыс деңгейі қолданатын несиеге пайыздың орташа мөлшерінен жоғары болса, яғни қаржылық леверидждің дифференциалы жағымды көлемде болса ғана көрінеді. Қаржылық леверидж дифференциалының жағымды мәні жоғары болған сайын басқа да бірдей шарттарда оның эффектісі де жоғары болады. Қаржылық леверидждің дифференциалының жағымсыз мәнінің қалыптасуы меншікті капиталдың рентабельділігі коэффициентінің төмендеуіне әкеледі. Бұл жағдайда кәсіпорынның қарыз капиталын пайдалануы жағымсыз эффект көрсетеді.

3. Қаржылық леверидж коэффициенті немесе тұтқа иығы (ҚК/МК) меншікті капиталдың бірлігіне кәсіпорын қолданатын қарыз капиталының қаншасы келетінін сипаттайды.

Қаржылық леверидж коэффициенті оның дифференциалының мәніне сәйкес келетін жағымды немесе жағымсыз эффектіні мультипликациялайды. Дифференциалдың жағымды мәнінде қаржылық леверидж коэффициентінің кез

келген жоғарылауы меншікті капиталдың рентабельділігі коэффициентінің де едәуір жоғарылауына әкеледі. Ал дифференциалдың жағымсыз мәнінде қаржылық левиридж коэффициентінің жоғарылауы меншікті капиталдың рентабельділік коэффициентінің төмендеуіне әкеледі. Басқаша айтқанда қаржылық левиридж коэффициентінің жоғарылауы (қаржылық левиридж дифференциалының жағымды не жағымсыз мәніне қарай) оның эффектісінің жоғарылауына әкеледі. Қаржылық левиридж коэффициентінің төмен болуы сәйкесінше оның жағымды немесе жағымсыз әсерін (эффектісін) одан да үлкен деңгейде төмендетеді [19]

Сондықтан өзгермейтін дифференциал кезінде қаржылық левиридж коэффициенті меншікті капиталға табыс деңгейі мен сомасын және сол сияқты осы табысты жоғалту кезінде қаржылық тәуекелдің жоғарылауына себепші болады. Қаржылық левиридждің өзгермейтін дифференциалы оның дифференциалының жағымды, жағымсыз динамикасы меншікті капиталға табыс деңгейі мен сомасын, сол сияқты табысты жоғалтудан қаржылық тәуекелді тудырады [19]

Бұл құрамдас бөліктерді өз алдына қарастыру кәсіпорынның қаржылық қызметі барысында қаржылық левиридж эффектісін мақсатқа бағытталған түрде басқаруға мүмкіндік береді. Қаржылық левиридждің қаржылық тәуекел деңгейі мен меншікті капиталдың табыстылығы деңгейіне әсер механизмін білу кәсіпорын капиталының құнына сол сияқты құрылымына мақсатқа бағытталған түрде басқаруға жағдай жасайды.

Капиталдың қаржылық құрылымының өзгеру шегін анықтаудың мүмкін жағдайлары.

Бірінші жағдайда компания табысқа салықтар, пайыздарды төлегенге дейінгі табысты қарыздық ресурстардың орташа бағасына қарағанда көп табатын болды делік. Онда экономикалық рентабельділік жағымды және оған меншікті капитал рентабельділігін жоғарылатуда қарыз капиталын пайдалану тиімдірек.

Екінші жағдай айырмасыздық шегіне сәйкес келеді. Қарыз капиталын қолдану қаржылық нәтижені өзгертпейді, яғни компанияға қарыз капиталын қолданса да, меншікті капиталды қолданса да бәрібір.

Үшінші жағдай алынып отырған табыс пайыздарды, салықтарды өтеуге және таза табысты қалыптастыруға жететін жағдайды сипаттайды. Бірақ қаржыландырудың аралас сызбасын қолданғанда меншікті қаражаттар есебінен қаржыландыруға қарағанда меншікті капитал рентабельділігінің төмендеуіне әкеледі.

Төртінші жағдайда компанияда пайыздар мен салықтарды төлегенге дейін табыстары бола тұра, алып отырған табыстары қаржылық шығындарды жабуға жетпей, компания залалға ұшырайды [17]

Біздің жағдайда «Ақкөлстройсервис» ЖШС 2017 жыл бойынша қаржылық левиридждің салықтық түзеушісі  $(1 - TCM) = 1 - 0,2 = 0,8$  бұл сан тұрақты болып саналады, өйткені табысқа салық мөлшерлемесі 20%. Қаржылық левиридж дифференциалын табу үшін бірінші кезекте активтердің жалпы

рентабельділік коэффициентін табамыз, ол үшін таза табысты активтер көлеміне бөлеміз:

$$АЖРК = 2071875,84 / 339293889,29 = 0,61\%$$

Енді компанияның қарыз капиталын қолданғаны үшін төлейтін несиеге пайыздың орташа мөлшерін табамыз. Оны табу үшін төленген пайыздарды несие мен займдар қосындысына бөлеміз. Алайда «Ақкөлстройсервис» ЖШС-нде несиелер мен пайыздар жоқ болғандықтан ары қарай есептей алмаймыз. Сол себепті басқа компания мәліметтері негізінде мысал ретінде көрсетеміз.

$$АЖРК = 7822/217568 = 0,04 = 0,4\%$$

$$НП = 2046/74430 = 0,03 = 0,3\%$$

Соңынан қаржылық тұтқа иығының мәнін табамыз. Оны қарыз капиталының меншікті капиталға қатынасы арқылы табамыз. ҚК/МК = 96602/120965 = 0,80. Енді біздің басты көрсеткішімізді табамыз. Оны формулаға салсақ:

$$ҚЛӨ = (1 - 0,2) \times (4\% - 3\%) \times 0,80 = 0,64\%$$

Есептеуден шыққан мәндерден компанияның жағдайын айтатын болсақ, активтердің экономикалық рентабельділігі қарыздық ресурстардың орташа бағасынан 1%-ға болса да жоғары, бұл дегеніміз қаржылық левиридждің жағымды әсерін білдіреді. Қарыз қаражатының құны мен жалпы капитал табыстылығы арасындағы айырмашылық меншікті капитал рентабельділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда қаржылық тұтқаны, яғни қарыз капиталы үлесін жоғарылату пайдалы болып табылады.

2017 жылға қаржылық левиридж әсерін есептеп шығарайық, ол жылға да жоғарыдағы (22) формула негізінде есептейміз.

$$АЖРК = 6941/232404 = 0,03 = 3\%$$

Қаржылық тұтқа иығын табаын болсақ:

$$ҚК/МК = 105844/126560 = 0,84$$

Соңынан қаржылық левиридж әсерін анықтаймыз:

$$ҚЛӨ = (1 - 0,2) \times (3\% - 4\%) \times 0,84 = -0,7\%$$

2017 жылғы есептеулер бойынша қарыздық ресурстар активтердің рентабельділігінен жоғары, бұл қаржылық левиридждің жағымсыз әсерін білдіреді. Жүргізілген 2017 жылғы қарыз тарту саясатының тиімсіздігін көрсетеді. Мұның нәтижесінде меншікті капитал құнсызданып, компания алдағы уақытта төлемқабілетсіздікке ұшырауы мүмкін.

10 - кесте - Талданып отырған кезеңдегі қаржылық левиридж әсерінің көрсеткіштері және оның құрамдас бөліктері

	Атауы	Есептелуі	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
1	2	3	4	5	6
1	Қаржылық левиридждің салықтық түзеушісі	1-ТСМ	0,8	0,8	0,8
2	Қаржылық левиридж дифференциалы	АЖРК – НП	-0,1	1%	-1%

3 – кестеннің жалғасы

1	2	3	4	5	6
3	Қаржылық тұтқа иығы	ҚК / МК	0,59	0,80	0,84
4	Қаржылық левиридж әсері	$(1 - TCM) \times (aЖРК - НП) \times (ҚК / МК)$ .	-0,05	0,64	-0,7%
Ескерту - [14] дерек көзіне сүйеніп есептелді					

Осылайша, левиридж табысты басқарумен байланысты қаржылық менеджменттің ерекше бөлігі болып табылады. Меншікті капиталға түскен табыс деңгейін көрсететін көрсеткіш яғни, қаржылық левиридж әсері кәсіпорынның болашақ жағдайын болжауға үлкен мүмкіндік береді. Осы көрсеткішті табу формуласында қарыз капиталының меншікті капиталға қатынасы арқылы табылатын қаржылық левиридж коэффициенті левиридж әсерімен тығыз байланысты. Оның жағымды не жағымсыз әсері қаржылық левиридж әсерінен көрінеді. Сондықтан «Ақкөлстройсервис» компаниясының әрі қарай табысты қызмет атқаруы үшін, тиісті шаралар қолданылып, қарыз тарту саясатын жетілдіру жолдарын іздестіру керек. Ал мұндай шаралар қолданбаса компания алдағы уақытта төлемқабілетсіздікке ұшырауы әбден мүмкін.

### 3.2 Ұйымның қаржылық жағдайын нығайту жолдары

«Ақкөлстройсервис» компаниясының қаржылай жәй-жапсарын талдау қортындысы негізінде оның қызмет барысында болған кемшіліктерін жою жолдарын табу керек.

Болған болымсыз жағдайлардың мөлшеріне орай жағдайды жөндеуге қажетті әрекеттер көлемі белгіленеді. Үстіртін қаржылай дағдарыс кезінде биылғы жәй-күйді біржақты ету, яғни ақшалай сомалардың құйылуы мен жылыстауын оңтайландыру жеткілікті болады.

Енді «ашынып кеткен» қаржылық жәйларды орнықтандырудың мүмкін болар механизмдерін қолдануды талап етеді. Фирманың жағдайы апат сияқты деңгей болғанда қаржылай жәй-күйді жетілдіру шараларын іздеп, табылмаса шаруашылықты жою жәйлі шешім шығарылуы мүмкін [19],[20].


Субъектінің қаржылай жәй-жапсарын орнықтандырудың ішкі механизмдері ең басынан оның төлемге қабілетін қалпына келтіруден басталуы тиіс. Осы жылғы төлемге қабілетсіздіктен шығу мақсатында жедел шығыстарды азайтып, активтердің кейбір бөліктерін сату керек. Бұл шараларды жүргізгеннен соң болашаққа қаржылық орнықтылыққа қол жеткізуге болатын тактикалық шараларды жүргізу керек.

Шаруашылықтың тұтас қаржылай орнықтылығының басты шарты – ұзақ мерзімге қаржылай теңдікті қамтамасыздандыру. Сол себепті фирманы дағдарыстан шығару үшін қаржылай жәй-жапсарды орнықтандырудың механизмдері жиынынан тұратын компанияның сауықтыруының бизнес-

жоспары құрастырылады. Енді сол қаржылай жақсарту шараларын қарастырайық (14 – сызба ).

Шаруашылықтың меншік айналымы қаражаттарының жетпейтіндігін төмендету үшін жаңадан акция мен облигация шығаруына болады. Алайда жаңадан акциялар шығару олардың бағасының төмендеп кетуіне әкеледі. Батыс елдерінде көбінесе облигациялар шығарады екен.

Субъектінің банкроттық деңгейін азайту үшін әдетте акциялар дивиденттері мөлшерін азайтады болмаса төлем жасаудан уақытша бас тарта тұрады. Бірақта бұндай шешімдерді іс жүзінде істеу үшін акционерлерді осындай қаржылай сауықтырудың нәтиже беретіндігіне көз жеткізу. Фирманың қаржылай жәй-жапсарын жақсартудың бір жолы – факторинг, мұнда компанияның дебиторлық берешектерін талап ету құқығын банктерге болмаса факторингтік фирмаларға сатуы.



14 – сызба – Қаржылай жақсарту шаралары  
Ескерту- [17],[18]әдебиеттер негізінде авторлар құрастырған

Компанияның материалды-техникалық базасын жаңалаудың жағымды жолының бірі – лизинг. Лизинг операцияларын оперативті амортизациялауды қолдану өнеркәсіп құралдарын жылдам жаңартуға қолайлы болады.

3.1. бөлімінде айтылғандай фирмаға көбірек табыс әкелу мақсатында несиелерді тарту бұл да жағдайды жақсартудың жолы.

Меншік капиталының жетпейтіндігін азайтудың жолы – оның айналым жылдамдығын көтеру. Меншіктік қаржылай ресурстардың мөлшерін көбейту жолдары 13 – ші сызбада көрсетілген.

Компанияның қаржылай сауықтырылуына қол жеткізудің бір бағыты- өндірістің рентабельдігін жоғарлататын ішкі резертерді табу. Оларға өндірісті күш-қуатты тұтас қолдану, шығарылған өнім сапасы мен бәсекеге қабілетті

шыңдау, өнімге шығындарды азайту, материалды, еңбек, қаржылай ресурстарды үнемдеуді жатқызады.

Практика жүзінде ұйымның хал – ахуалына әсері бар үш мәселе бар:

- Төлемге қабілеттің төмен болуы, яғни ақшалай қаражат жетпеуі. Оған дәлел берешектерді төлеуге қаражат тапшылығы.

- Кәсіпорын иелерінің мүдделерін тұтас орындамау. Меншік иелерінің мүдделерін толық қанағаттандырмау. Бұны иелер алатын кірістердің салған салымдарынан аз болуы дәлел.

- Сыртқы көздерге тәуелсіздіктің болмаса қаржылай орнықтылықтың төмендеуі. Практикада орнықтылықтың тұрақсыз болуы алдағы уақытта міндеттемелер бойынша қиындық туындатады. Ол болса кредиторларға тәуелділікті болдырады. Жоғарыда жүргізілген талдау нәтижесіне келсек талданып отырған ұйымның әлсіз тұсы төлемге қабілетінің төмен болуынан қаржылай орнықсыздық туындап отыр. Сол себепті орнықты компания болуы үшін осы мәселелерге көңіл бөлу керек.

Шаруашылық субъектінің төлемге қабілетін зерделеген кезде бір жылдан жоғары уақытқа берілетін қарыздарды алған дұрыс па, деген сұрақ туындайды. Оның екі жағы бар. Біріншісі, ұзақ мерзімді қарыздарды қолданбау фирманың орнықтылығын, яғни тәуекелсіздігін білдіреді. Екіншісі ондай міндеттемелер төлемге қабілетті және рентабельділікті жоғарлатуға жағдай жасайды.

Бұндай кезде «тәуекел – табыс» екіфакторлық үлгісіне тоқталамыз. Үлгінің негізгі принципі – тәуекелсіз кіріс те жоқ. Бұл жерде тәуекел және кірістің дұрыс арақатынасын табу керек. Бірақ та компания өзіндік пайданы өзіндік құнды азайту жолымен жоғарлатса, онда қарыз қаражаттарының қажеті болмай қалады.

Қорыта айтсақ, фирманың қаржылай хал-ахуалын нығайтудың бірқатар жолдарын атауға болады: өздік құнды азайту. Ол үшін оған әсер етуші факторлардың әсерін анықтау мақсатында факторлық талдау жасау қажет. Өндіріс ресурстарын дұрыс тиімді пайдалануына көңіл аудару қажет.

Капиталдық салымдарды біраз уақыт аралығында азайту кіріс табуға мүмкіндік жасайды, бірақ оны мүлдемге қолданбау дегенді білдірмейді. Сол себепті бір жылдан жоғары уақыттағы несиені болмаса лизинг пайдаланған жөн.

Бұған қоса өндірістік күш-қуатқа талдау жүргізіп, олардың жүз пайыз пайдаланылуына қол жеткізу, тиімсіз құралдарды сату немесе жалға беру.

2.2. бөлімінде төлемге қабілетті, өтімділікті талдаған кезде мүліктердің ақшаға айналуы ақырын екеніне көз жеткіздік.

Жоба бойынша активтердің өтімді болуын жоғарлатудың келесі тәсілдерін ұсынамыз:

- Тауарлардың көлемін азайтып, ақшалай қаражаттарды көбейту.

- 1 жылға жетпейтін қарыздарды ұзақ мерзімді қарыздарға қайтадан құрылымдау ақшалай қаржы көздерін қажет етеді. Оны облигациялар шығарумен толықтыруға болады.

Компания ақшалай қаржыларды қаншалықты көп тартатын болғандай болса, оның мүмкіншілігі де жоғарлайды. Бірақ онымен қоса тәуекелділік те өседі. Бұл дегеніміз кредиторлармен екі ортада пайда болған есептесудің уақытыда орындалуы болмаса орындалмауы тәуекелдігі.

Төлемге қабілетсіздік, қарыздарды өтей алмау дайын ақша болмағанда туындайды. Бұндай мәселе болашаққа бағытталған, сол себепті белгісіздікке қарсы болады. Кірістер мен шығыстар мөлшері нақты жағдайға байланысты болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген талдау нәтижесінен келесідей қортындыларға келуге болады:

1. Жалпы қаржылық хал ахуалды талдауды ұйым ішінде және сыртынан талдауға болады, сол себепті олардың мақсаттары мен мән мағынасы да өзгеше болады. Ұйымның жағдайын ішкі талдаудың мазмұны қаржылық хал-ахуалды орнықты ету жолдарын іздестіру мақсатында капиталдың орналасуы және жұмсалуды, қалыптасу жолдарын, меншікті капиталдың пайда әкелуін көбейтуді зерттеуден көрінеді.

Сырттай қаржылық жағдайды талдау мазмұны салым жасау тәуекелділігін болжамдау мақсатында фирманың қаржылық хал-ахуалын, оның пайда әкелуін зерделеуден көрінеді.

2. Қаржылық талдау үшін келесі бағыттар қолданылуы мүмкін:

1. баланс құрылымын талдау;
2. ұйымның қызметі табыстылығын және өндірістік шығындарды талдау;
3. ұйымның төлемге қабілетін және қаржылай тұрақтылығын талдау;
4. Капитал айналымдылығын талдау;
5. капитал рентабельдігін талдау.
6. еңбек өнімділігін талдау [3]

3. Қаржылық жағдай-кешенді түсінік екен атап өту керек. Сол себепті қаржылық жәй-жағдайға талдау жасау кәсіпорынның қызметі ерекшеліктерін есепке ала, бағалаудың тиімді әдістерін таңдап, оның қызметінің әрбір сәтіне жан-жақты қарастыратын кешенді бағалауды жүргізу керек.

4. Компания жұмысның негізгі нәтижесін көрсететін бөлінбеген табыс (жабылмаған залал) меншікті капиталдың құрамына кіреді. Осы бап салықтар, дивиденттер төлегеннен соң қалатын, қалған сомасы өндірісті дамыту, жаңадан мүлік сатып алу сияқты қажеттіліктерге жұмсалатын болғандықтан пайдаланушылар бұған жіті назар аударады.

5. «Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің баланс өтімділігі нашар, перспективті төлемқабілеті төмен екеніне көз жеткізе отырып, алдағы уақытта жағдайды көтеру үшін шаралар жасауы керек деп ұсыныс жасаймыз.

6. «Ақкөлстройсервис» ЖШС – нің әдіс – тәсілдер есептеу қортындысы бойынша банкроттық ықтималы төмен.

7. «Ақкөлстройсервис» компаниясының әрі қарай табысты қызмет атқаруы үшін, тиісті шаралар қолданылып, қарыз тарту саясатын жетілдіру жолдарын іздестіру керек. Ал мұндай шаралар қолданбаса компания алдағы уақытта төлемқабілетсіздікке ұшырауы әбден мүмкін.

8. Төлемге қабілетсіздік, қарыздарды өтей алмау дайын ақша болмағанда туындайды. Бұндай мәселе болашаққа бағытталған, сол себепті белгісіздікке қарсы болады. Кірістер мен шығыстар мөлшері нақты жағдайға байланысты болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының №234 – 111 28 ақпан 2007 жылдағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» Заңы
- 2 Толпегина О.А. Комплексный экономический анализ. – Учебник. – М. Юрайт, 2013. – 672 б.
- 3 Баканов М.И., Шеремет А.Д. Теория экономического анализа. – М.: ФиС, 2016. – 250б.
- 4 Закон РК «О товариществах с ограниченной ответственностью» от 22.04.1998 №220 – 1 с дополнениями и изменениями
- 5 Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности. Учебное пособие. Алматы: Издательство Экономика, 2013. – 280 б.
- 6 Дюсембаев К.Ш. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: оқу құралы Алматы: Экономика баспасы, 2001. – 340 б.
- 7 Нечитайло А.И.. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности.- Учебное пособие. – Рн/Д: Феникс, 2017. – 553 б.
- 8 Басовский Л.Е. Комплексный экономический анализ хозяйственной деятельности. – Учебное пособие. – М.: Инфра – М, 2018. – 272 б.
- 9 Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия. – М.: ИНФРА – М, 2017. – 679 б.
- 10 Черногорский С.А. Основы финансового анализа, М.: Герда, 2013
- 11 Демесінов Т.Ж.. Қаржылық талдау. – Оқу құралы. – Алматы, ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 320 б.
- 12 Дюсембаев К.Ш. Анализ финансовой отчетности. Алматы: Экономика, 2009. – 320 б.
- 13 Джаншанло Р.Е. Анализ финансового состояния организации. – Алматы: ТОО «Издательство ЛЕМ», 2010. – 76 б.
- 14 Андыбаева Г.Т., Канабекова А.К., Абитова А.К. Экономикалық талдау.- Алматы, 2016. – 220 б.
- 15 Джаншанло Р.Е., Андыбаева Г.Т. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау. – Алматы, 2012. – 78 б.
- 16 Савицкая Г.В. Экономический анализ. – Учебник. – М.: Новое знание, 2014. 679 б.
- 17 Савицкая Г.В. Анализ хозяйственной деятельности предприятия: 4 – е изд., перераб. и доп. — Минск: 000 «Новое знание», 2012. — 688 б.
- 18 К.Ш. Дүйсебаев, Қаржы есептілігін талдау.- оқулық.-Алматы: Экономика баспасы, 2012. – 348 б.
- 19 Бариленко В.И. Экономический анализ. – М.: Эксмо, 2012. – 352 б.
- 20 Бобошко Н.М. Финансово-экономический анализ. – М.: Юнити, 2014. – 224 б.
- 21 Гинзбург А.И. Экономический анализ. – СПб.: Питер, 2013. – 208 б.
- 22 Головнина Л.А. Экономический анализ. – М.: Кнорус, 2018. – 400 б.
- 23 Плотникова А.М. Экономический анализ. – М.: Кнорус, 2013. – 304 б.
- 24 Парушина Н.В. Экономический анализ. – М.: Кнорус, 2017. – 167 б.

2005 жылдың 22 желтоқсанында №427 Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігінің бұйрығымен бекітілді

## БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

31.12.17 жыл жағдайына

(Нысан 1)

Ұйым атауы

«АҚКӨЛСТРОЙСЕРВИС»

Ұйым қызмет түрі

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысан жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Заңды мекен-жайы

теңге

Активтер	Жол коды.	Есепті кезең басына	Есепті кезең аяғына
1. Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	010	148840,76	51230,58
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	0	0
Қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	012	69518277,66	132391576,00
Қорлар	013	11737988,64	9965681,64
Ағымдағы салықтық активтер	014	0	0
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	0	0
Басқа да қысқа мерзімді активтер	016	4794036,63	5945305,03
Барлығы қысқа мерзімді активтер	100	86199143,69	148453793,25
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	020	0	0
Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз	021	0	0
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген инвестициялар	022	0	0
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023	0	0
Негізгі құралдар	024	33706758,54	11706758,54
Биологиялық активтер	025	0	0
Барлау және бағалау активтері	026	0	0
Материалдық емес активтер	027	33337,5	33337,50
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	028		0
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	029	157100000	157100000
Барлығы ұзақ мерзімді активтер	200		
Баланс (жол 100 + жол 200)		277039239,73	339293889,29

Пассивтер	Жол коды	Есепті кезең басына	Есепті кезең аяғына
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер	030		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	031	0	0
Салықтар бойынша міндеттемелер	032	2270945,75	2270945,75
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	033	81023,05	81023,05
Қысқа мерзімді кредиторлық қарыз	034	83055993,7	149449355,1
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	035		

Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	036	2066836	
Барлығы қысқа мерзімді міндеттемелер	300	87474798,5	151801323,9
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	0	0
Ұзақ мерзімді кредиторлық қарыз	041	0	0
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	0	0
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	043	0	0
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	0	0
Барлығы ұзақ мерзімді міндеттемелер	400	179700000	179700000
V. Капитал			
Шығарылған капитал	050	100000	100000
Эмиссионды табыс	051		
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	052		
Резервтер	053		
Бөлінбеген табыс (жабылмаған зиян)		9764441,23	7692565,39
Бөлінбеген табыс	054		
Ағымдағы жылдың бөлінбеген табысы			
Үлескерлер үлесі	055		
Барлығы капитал	500	9864441,23	7792565,39
Баланс (жол 300 + 400 + жол 500)		277039239,73	339293889,29

2005 жылдың 22 желтоқсанында №427 Қазақстан Республикасы  
Қаржы Министрлігінің бұйрығымен бекітілді

## КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК

31.12.11 жыл жағдайына

(Нысан2)

Ұйым атауы

«АҚКӨЛСТРОЙСЕРВИС»

Ұйым қызмет түрі

Ұйымдастырушылық-құқықтық нысан жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Заңды мекен-жайы

теңге

КӨРСЕТКІШТЕР АТАУЫ	Жол коды	Өткен кезең	Есепті кезең
Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден түскен табыс	010	85832996	5932680
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны	020	57282450,24	36900
Жалпы пайда (жол 010 – жол 020)	030	28550545,76	5895780
Қаржыландырудан түскен табыстар	040	0	0
Басқа да табыстар	050	0	0
Өнім өткізуге және қызмет көрсетуге шығыстар	060	0	
Әкімшілік шығыстар	070	7778980,92	3823904,16
Қаржыландыруға кеткен шығыстар	080		
Басқа да шығыстар	090		
Үлестік қатысу әдісімен ескерілген ұйым пайдасының/ зиянның үлесі	100		
Кезеңдегі жалғасушы қызметтен түскен пайда (жол 030 + жол 040 + жол 050 – жол 060 – жол 070 – жол 080 – жол 090 +/- жол 100)	110	2071875,84	2071875,84
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (зиян)	120	0	
Салық салуға дейінгі пайда (зиян) (жол 110 +/- жол 120)	130	2071875,84	2071875,84
Корпоративті табыс салығы бойынша шығыстар	140		
Үлескерлердің үлесін алғанға дейінгі кезеңнің жиынтық пайдасы (зияны) (жол 130 – жол 140)	150		
Үлескерлердің үлесі	160		
Кезеңдегі жиынтық пайда (зиян) (жол 150 – жол 160)	170	2071875,84	2071875,84
Акцияға салық	180		